


**НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ
ВНИМАНИЕ**

**БЕТПЕРДЕ
ТАҒЫҢЫЗ
НОСИТЕ
MASKU**

**АРАҚАШЫҚТЫҚ
САҚТАҢЫЗ
СОХРАНЯЙТЕ
ДИСТАНЦИЮ**

**КАРАНТИН ШАРАЛАРЫН
САҚТАҢЫЗДАР
СОБЛЮДАЙТЕ
КАРАНТИННЫЕ МЕРЫ**

● БІЛЕ ЖҮРІҢІЗ!



**ҚЫЗДЫҢ КӨРКІ –
ҚОЛАҢ ШАШ**

6

● НЕ БАЙҚАДЫҢЫЗ?



**ТАЗА АУАҒА МЕН ДЕ,
СІЗ ДЕ ЖАУАПТЫ**

9

● #ЕКПЕАЛ

2022 жылғы 25 шілдедегі мәлімет
бойынша АЛМАТЫДА

I компонентпен

1 210 262

II компонентпен

1 185 457

адам вакцина салдырды

2022 жылғы 25 шілдедегі
мәлімет бойынша ҚАЗАҚСТАНДА
I компонентпен – **10 777 490** адам,
II компонентпен **10 506 442** адам
вакцина салдырды.
Ревакциналанғандар саны –
4 975 445

● KAZHYDROMET.KZ

Алматы қаласы бойынша
ауа райы болжамы
(бүгін және ертең)

26.07.2022

Түнде:



+23+28 °C

Көшпелі бұлтты,
жауын-шашынсыз.

Күндіз:



+34+39 °C

Көшпелі бұлтты,
жауын-шашынсыз.



**Желдің жылдамдығы:
2-7м/с**

27.07.2022

Түнде:



+23+28 °C

Көшпелі бұлтты,
жауын-шашынсыз.

Күндіз:



+32+37 °C

Көшпелі бұлтты,
жауын-шашынсыз.



**Желдің жылдамдығы:
2-7 м/с**

МЫҢ ЖАСАҒАН ШАҒАРДЫҢ ШАМШЫРАҒЫ



Газет 1988 жылдың 1 шілдесінен бастап шығады | www.almaty-akshamy.kz | №85 (6220) 26 шілде, сейсенбі, 2022 жыл.

● ПРЕЗИДЕНТ

ҚАЗАҚ-АРАБ ҚАТЫНАСЫ ЖАНДАНАДЫ

Қазақстан Президенті мен Сауд Арабиясының Тақ мұрагері келіссөз жүргізді



Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Қос Киенің сақшысы – Сауд Арабиясының Королі Салман бен Абделазиз Әл Саудтың шақыруымен Джидда қаласына ресми сапармен барды. Бұл туралы Ақорданың ресми сайтында жарияланды.

2

● АКЦИЯ

ЖӘРМЕНКЕЛЕРДЕ ҚАНТ ҚОЛЖЕТІМДІ БАҒАДА САТЫЛАДЫ



Суретті түсірген Қайрат ҚОНЫСБАЕВ.

Алматыда демалыс күндеріндегі жәрменкеге қосымша қант жеткізу ұйымдастырылды.

3

● ҚЫСҚА...

- Еліміздің оңтүстік өңірлерінде +45 градусқа дейін ыстық болады.
- Тамызда өтетін ҰБТ-ға өтініш қабылдау басталды.
- Елде вакцина салдырғандар саны 10 миллионға жуықтады.
- Шенеуніктер жұмысқа орналасарда эссе жазатын болды.
- Марқакөл мемлекеттік қорығы ЮНЕСКО-ның Бүкіләлемдік биосфералық резерваттар желісіне кірді.
- Автоматтандырылған дәріхана-тарату пунктін қызметі пилоттық жоба ретінде таратылады.
- Қазақстан мен Жапония бірлесіп «Кішкентай самурай» фильмін түсіріп жатыр.

www.almaty-akshamy.kz





● ПРЕЗИДЕНТ

ҚАЗАҚ-АРАБ ҚАТЫНАСЫ ЖАНДАНАДЫ

Қазақстан Президенті мен Сауд Арабиясының Тақ мұрагері келіссөз жүргізді



(Басы 1-бетте)

Қазақстан Президентін әуежайда Корольдің кеңесшісі әрі Мекке провинциясының губернаторы Фейсал Халид бен Әбделазиз, сондай-ақ Сауд Арабиясы Корольдігінің Қоршаған ортаны қорғау, су ресурстары және ауыл шаруашылығы министрі Абдурахман Әл-Фадли қарсы алды.

Содан кейін Президент ресми кездесу өткізу үшін Корольдің «Қаср Ас-Салам» сарайына барды.

Құрмет қарауылының бастығы екі ел басшыларына рапорт берді. Қазақстан мен Сауд Арабиясының әнұрандары шырқалғаннан кейін Қасым-Жомарт Тоқаев пен Тақ мұрагері Мұхаммед бен Салман бен Әбделазиз Әл Саудқа ресми делегациялардың мүшелері таныстырылды.

Бұдан кейін Мемлекет басшысы мен Тақ мұрагері келіссөз жүргізді.

Қасым-Жомарт Тоқаев Мұхаммед бен Салман бен Әбделазиз Әл Саудқа ілтипат білдіріп, шақырғаны және қонақжайлық көрсеткені үшін Сауд Арабиясының Королі мен Тақ мұрагеріне алғыс айтты.

Қазақстан Президентінің айтуынша, Мемлекет басшысы ретінде Сауд Арабиясына алғаш рет келгендіктен, бұл сапардың маңызы зор.

Қасым-Жомарт Тоқаев Сауд Арабиясы Қазақстанның басты стратегиялық серіктестерінің бірі екенін атап өтті.

– Сауд Арабиясы – Қазақстанның тәуелсіздігін бірінші болып мойындаған елдердің бірі. Осы кезеңде түрлі бағыттағы ынтымақтастығымыз нығая түсті. Қазір қазақ-сауд қатынастары жоғары деңгейде. Дегенмен, екі ел арасындағы ынтымақтастыққа тың серпін беретін кез келді. Бұл – елдеріміздің мүддесіне сай келетін ортақ шешім. Біздің өзара тиімді байланыстарымыз нығая береді деп сенемін, – деді Мемлекет басшысы.

Келіссөз барысында сауда-экономикалық және инвестициялық ынтымақтастық мәселелері талқыланды. Қазақстан Сауд инвесторлары үшін өзара мүддені көздейтін түрлі перспективті салалар бойынша ерекше шарттар мен кең көлемде артықшылықтар ұсынуға дайын. Тараптар өзара тауар айналымын едәуір арттыруға ниетті екенін және жуық арада екі ел үкіметтерінің бұл бағыттағы жұмыстарды жандандыратынын нақтылады.

Мұхаммед бен Салман бен Әбделазиз Әл Сауд елдеріміз арасындағы қатынастар деңгейі жақсы екенін атап өтіп, оны әрі қарай нығайтып, дамыту үшін мүмкіндіктер мол екенін айтты. Сондай-ақ, бұл бағыттағы жұмыстарды жандандыру қажет екеніне тоқталды. Оның айтуынша, бұл ретте Қазақстан мен Сауд Арабиясының бизнесмендерін біріктіретін Іскерлік кенестің рөлі зор болмақ.

Тақ мұрагері Мемлекет басшысының ресми сапары аясында өтетін Инвестициялық «Дөңгелек үстелге» Корольдіктің ірі компанияларының өкілдері қатысатынын жеткізді.

Оның айтуынша, қазіргі жағдайда Сауд Арабиясының Мемлекеттік инвестициялық қоры үйлестіретін бірқатар жоба бойынша бірлескен жұмыс маңызды саналады.

Атап айтқанда, Мұхаммед бен Салман бен Әбделазиз Әл Сауд Корольдіктің компаниялары Қазақстанның аграрлық саласына инвестиция салуға қызығушылық танытып отыр. Оның пікірінше, бұл бағыт жаһандық азық-түлік дағдарысы жағдайында аса өзекті бола түседі.

Қасым-Жомарт Тоқаев Тақ мұрагерін Қазақстанға мемлекеттік сапармен келуге шақырды.

Мұхаммед бен Салман бұл шақыруды қуана қабылдайтынын айтып, қол жеткізілген уағдаластықтарды жүзеге асырудың нақты нәтижелерін талқылау үшін Қазақстанға сапармен келуге дайын екенін жеткізді.

ІСКЕРЛІК

ҚАРЫМ-ҚАТЫНАС АРТУДА

Мемлекет басшысының Сауд Арабиясына ресми сапарының екінші күні елдің іскер топтар өкілдерімен өткен инвестициялық «Дөңгелек үстелге» қатысудан басталды.

Екі елдің инвестиция, экономика, сауда және қаржы салаларындағы ықпалдастығын нығайту кездесудің негізгі тақырыбы болды.

Қасым-Жомарт Тоқаев жиынға қатысушыларға ілтипат білдіре отырып, Сауд Арабиясының Тақ мұрагері Мұхаммед бен Салман бен Әбделазиз Әл Саудпен өткізген кешегі кездесуінде сауда-экономикалық және инвестициялық ынтымақтастықты кеңейту жөнінде маңызды уағдаластықтарға қол жеткізілгенін айтты.

– «Saudi Vision-2030» бағдарламасы мен біздің «Қазақстан-2050» стратегиясы экономиканы әртараптандыру, шикізатқа тәуелділікті төмендету, адами капиталға инвестиция салу, түптеп келгенде, жоғары дамыған елдердің қатарына кіру арқылы ұлттық дамуға қол жеткізуді көздейді, – деді Мемлекет басшысы.

Бұдан бөлек, форум жұмысына Ajlan & Bros Holding Group, SALIC, Saudi National Bank, Alhokair Group, FlyNas, Savola Group, SPIMACO, National Technology Group (NTG), Kingdom Holding, Dr. Sulaiman Al Habib Medical Group, Al Rajhi International for Investment, Al Muhaidib Group, Jamjoom Pharma, Tabuk Agriculture Development сияқты ірі компаниялардың басшылары, сондай-ақ Сауд Арабиясы экономикасының барлық секторында жү-

мыс істейтін бірнеше ондаған компанияның жетекшілері қатысты.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың ресми сапары аясында мынадай құжаттарға қол қойылды:

1. Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігі мен Сауда Арабиясының Спорт министрлігі арасындағы спорт саласы бойынша өзара түсіністік туралы меморандум.

2. Қазақстан Республикасы Ақпарат және қоғамдық даму министрлігі мен Сауд Арабиясы Бұқаралық ақпарат құралдары министрлігі арасындағы БАҚ саласындағы ынтымақтастық жөнінде өзара түсіністік туралы меморандум.

3. «Сауд баспа ісі агенттігі» мен «Қазақстан Республикасы Президентінің Телерадиоқоғамы» КеАҚ арасындағы өзара түсіністік және ақпарат алмасу туралы меморандум.

4. Astana International Exchange Ltd. компаниясы мен Сауд қор биржасы (Tadawul) арасындағы өзара түсіністік туралы меморандум.

5. Ірі қара мен қой еті импортына қойылатын санитарлық-техникалық хаттама.

6. Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігі мен ACWA Power компаниясы арасындағы өзара түсіністік туралы меморандум.

7. «Самұрық-Қазына» АҚ мен Ajlan & Bros Holding Group Ability компаниясы арасындағы ынтымақтастық туралы келісім.

8. «KAZBIOSORGO» ЖШС мен Ajlan & Bros Holding Group компаниясы арасындағы өзара түсіністік туралы меморандум.

9. «QazTrade» Сауда саясатын дамыту орталығы» АҚ мен Ajlan & Bros Holding Group Ability компаниясы арасындағы ынтымақтастық туралы келісім.

10. «Оптоград» ЖШС мен Ajlan & Bros Holding Group Ability компаниясы арасындағы Қазақстаннан Сауд Арабиясына ет жеткізу жөніндегі өзара түсіністік туралы меморандум.

11. «KAZAKH INVEST Ұлттық компаниясы» АҚ мен Al Rajhi International for Investment (RAII) компаниясы арасындағы инвестициялар бойынша ынтымақтастық туралы меморандум.

12. «QazTrade» Сауда саясатын дамыту орталығы» АҚ мен «Јулу Сауди Гипермаркетс» компаниясы арасындағы ынтымақтастық туралы меморандум.

13. «Eurasia Invest LTD» ЖШС мен Jamjoom Pharma компаниясы арасындағы Қазақстаннан Сауд Арабиясына құрғақ қымыз жеткізу туралы келісім.

ҚАРЖЫ СЕКТОРЫНДА УАҒДАЛАСТЫҚТАРҒА ҚОЛ ЖЕТКІЗІЛДІ

Президент Қасым-Жомарт Тоқаев Ислам даму банкінің басшысы Мұхаммед Сулейман Әл-Джассермен эконо-

миканың түрлі салаларындағы бірқатар бірлескен жобалардың жүзеге асырылу барысын талқылады.

Мемлекет басшысы Қазақстанның ТМД елдері ішінде Ислам даму банкімен серіктестік бағдарламасын бірінші болып әзірлеген ел екенін еске салды. Алматыда 25 жылдан астам уақыт бұрын орналасқан аймақтық кеңсе Шығыс Еуропа елдерінде, ТМД, Моңғолия және Қытайда банк операцияларын үйлестіреді. Бұл Қазақстан мен Ислам даму банкі арасындағы жоғары маңыздылық пен өзара сенімді қарым-қатынасты білдіреді.

– Біз Банктің Қазақстан экономикасына көп жылдан бері көрсетіп келе жатқан қолдауын жоғары бағалаймыз. Ислам даму банкі ынтымақтастық орнатқан жылдар ішінде еліміздегі экономиканың басым секторлары мен әлеуметтік жобаларға 1,6 миллиард доллардан астам инвестиция салды, – деді Мемлекет басшысы.

Әл-Джассер Мемлекет басшысына Банктің инвестициялар саласындағы саясат және алдағы кезеңдегі жоспарлары жөнінде айтты. Оның айтуынша, Ислам даму банкі бизнес, қаржы салаларындағы жобаларға, сондай-ақ инфрақұрылым мен коммуникацияларды жаңғыртуға қаражат бөлуді жалғастыруға ниетті.

АРАБ КӘСІПКЕРЛЕРІ ЕЛІМІЗГЕ ИНВЕСТИЦИЯ ҚҰЮҒА НИЕТТІ

Мемлекет басшысы Сауд Арабиясының бірқатар кәсіпкерлерімен жеке кездесу өткізді.

Атап айтқанда, Президент Ajlan & Bros Holding Group холдингтік топ басқармасының басшысы Аджлан бен Әбделазиз Әл-Аджланмен және Aswa Power компаниясы директорлар кеңесінің төрағасы Мұхаммед Әбунаянмен әңгімелесті.

Сауд Арабиясы Корольдігінің және Таяу Шығыстағы ірі конгломераттың бірі – Ajlan & Bros Holding Group Қазақстанға инвестиция құюға мүдделі екенін айтты. Қазіргі уақытта холдинг Алматы облысының ауыл шаруашылығы саласындағы өндіріс жобасын пысықтауда.

Мұхаммед Әбунаянмен кездесуде балалы энергия көздерін дамыту мәселелері талқыланды. Президенттің айтуынша, еліміз 2030 жылға қарай жаңғыртылатын энергия көздерінің 30 пайызын өндіруді жоспарлап отыр. Сонымен қатар, Қасым-Жомарт Тоқаев Aswa Power компаниясын Қазақстанда жасыл сутегі өндірісі саласындағы бірлескен жобаларды жүзеге асыруға шақырды.

Қазақстан Президенті Сауд Арабиясы Королін «Алтын Қыран» орденімен марапаттады

Қазақстан мен Сауд Арабиясы арасындағы достық пен серіктестікті нығайтуға қосқан зор үлесі үшін Президент Қасым-Жомарт Тоқаев Король Салман бен Әбделазиз Әл Саудты еліміздің ең жоғары мемлекеттік наградасы – «Алтын Қыран» орденімен марапаттады.

Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың Джида қаласына ресми сапары аясында Сауд Арабиясы тарапына орденді салтанатты түрде табыстау рәсімі өтті.

Қазақ Президенті ұмра қажылығын өтеді

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев ислам әлемі үшін қасиетті мекен – Мекке қаласында ұмра немесе кіші қажылығын өтеді. Бұл туралы БОРТ №1 Telegram каналында хабарланды.

«Президент Қағбаның ішіне кіру мәртебесіне ие болды. Оның есігі ерекше жағдайларда және аса сыйлы қонақтарға ғана ашылады. Бұл Сауд Арабиясы басшылығының Қазақстан Президентіне көрсеткен зор құрметін білдіреді», делінген хабарламада.

Дайындаған
Олжас ЖОЛДЫБАЙ.



АКЦИЯ

ЖӘРМЕНКЕЛЕРДЕ ҚАНТ ҚОЛЖЕТІМДІ БАҒАДА САТЫЛАДЫ



Суреттерді түсірген Қайрат ҚОНЫСБАЙ.



Досбол
АТАЖАН

(Басы 1-бетте)

Алматы халқының қантқа деген сұранысын қамтамасыз ету үшін қалалық жәрменкелерде қолжетімді бағамен қант сатылатын арнайы орындар ашылды. Жәрменкеге қосымша қант жеткізу бойынша пилоттық жобаны 16 шілдеде қалалық Кәсіпкерлік және инвестиция басқармасы «Алматы» СПК» АҚ-мен бірлесе отырып, Медеу ауданында бастаған болатын.

«Әкімнің тапсырмасымен халықты қамтамасыз ету үшін қант сақтайтын арнайы қоймалар ұйымдастырып, бұл жерден оны жәрменкелер мен В, С санатындағы кішігірім дүкендерге күнделікті жеткізіп жатырмыз. Қалалық әр жәрменкеде қант сататын бөлек орындар ұйымдастырылған. Қант негізінен, Тараз, Меркі және Көксу зауыттарынан жеткізіледі, 500 келідей ғана Үндістаннан импортталғаны бар. Шағын қоймаларға орта есеппен күнделікті 40–60 тонна қант жеткізіледі», – деді Алматы

қаласы Кәсіпкерлік және инвестициялар басқармасы басшысының орынбасары Ерлан Омаров.

Алдыңғы аптада өткен жәрменкеде (16.07-17.07) көтерме бағасы келісіне 500 теңгеден, бөлшек саудада келісі 530 теңгеден 7,5 тонна қант сатылды. Сондай-ақ, қала бойынша 185 сауда орны қосымша қантпен қамтылды, әлеуметтік дүкендерде қанттың көтерме бағасы 500 теңгеден сатылды. Дүкендер қантты 15%-дан аспайтын үстеме бағамен сатуға міндеттеледі.

«Дүкендер үшін «Сауда қызметін реттеу туралы» заң бойынша қант бағасын негізсіз көтергені үшін әкімшілік жауапкершілік қарастырылған. Бірінші заңбұзушылық кезінде ескерту жасалды, екінші жағдайда – шағын бизнеске 10 АЕК-ке дейін (30 630 теңге), орта бизнеске – 70 АЕК-ке дейін (214 410 теңге), ірі бизнеске – 300 АЕК-тен (918 900 теңге) дейін әкімшілік айыппұл салынады. Тұрғындардың өтініші бойынша үйдің жанындағы 12 дүкен бойынша тексеру жұмыстары басталды», – деді Е.Омаров.

Өткен демалыс күндері – 23-24 шілдеде қант қалалық төрт жәрменкеде са-

тылды. Арнайы сатылым орындарына бір адамға 5 келіден артық қант берілмеді. Жалпы, шілде айында жәрменкелер мен дүкендерге 100 тонна қант жеткізу жоспарланып отыр. Көтерме жеткізушілермен келісім-шартқа отырудың арқасында осындай шара ұйымдастыруға мүмкіндік туды. Акция қаладағы демалыс күндеріндегі жәрменкелерде тұрақты түрде өткізілмек.

«Негізгі мақсат – нарықты қантпен қамтамасыз ету және тұрғындардың әлеуметтік маңызы бар өнімге сұранысын қолжетімді бағада ұсыну. Жұмыс күндері шағын қоймалар кәсіпкерлер үшін жұмыс істейді, демалыс күндері халық үшін жәрменкелерге қант жеткізеді. Жұмыс сұраныс толық қамтылғанша және жағдай тұрақталғанға дейін жалғасады», – деді «Алматы «ӘКК» АҚ Азық-түлік қауіпсіздігі департаментінің атқарушы директоры Әзіз Тұрғанов.

Айта кеткен жөн, халық сұранысы болмағандықтан, Алатау және Наурызбай аудандарында жәрменкелер ұйымдастырылмаған. Ал Түркісіб ауданында ірі жәрменке емес, шағын ғана сату орындары ашылған.

ЖАҢА ҚҰРЫЛЫС

САПАЛЫ АСФАЛТ ЖОЛ ҚЫСҚАРТАДЫ

Биыл Алматының жолдарына ерекше көңіл бөлінуде. Қалаға кейіннен қосылған аймақтарда жаңа жолдар салынып, жол-құрылыс жұмыстарының сапасына бақылау күшейді.



Құралай
ИМАНБЕКҚЫЗЫ

Естеріңізде болса, сәуір айында қала әкімі Ерболат Досаевтың төрағалығымен қаланың жол инфрақұрылымын дамыту мәселелері жөнінде кеңес өткен болатын. Мердігерлік ұйымдар басшылары, ғылыми мекемелер мен техникалық қадағалау мамандары, жол-құрылыс материалдарын жеткізушілердің басын қосқан жиын жол мәселесі мен қызмет көрсету сапасын талқылап, басшылық тарапынан бірқатар сын да айтылған еді. Сол жиында шаһар басшысы жол мамандарына әлемде белсенді қолданылып жүрген озық технологиялар мен заманауи материалдарға, мәселен, полимер негізіндегі битумды пайдалануға көшу мүмкіндігін қарастыруды тапсырған еді.

Бүгінде қала әкімінің тапсырмасына орай сала мамандары бірқатар қала көшелеріне асфальттың жаңа түрін төсей бастады. Полимерлі битум негізіндегі асфальтбетонды қоспаны алматылық жол жөндеушілер қолданысқа енгізіп көруде. Пилоттық жоба аясында жаңа қоспамен Гоголь көшесінің авто-



КЕРЕК ДЕРЕК

Алматының көше-жол желісінің ұзындығы 3096 шақырымды құрайды.

бус жолағының солтүстік жағындағы үш учаске жөнделді. Енді бұл аймақты мамандар жыл бойы бақылап отырады. Сондай-ақ, сынағалар алынып, жабынның жай-күйіне мониторинг жүргізу жоспарда бар. Бұл тәжірибе барысымен қала әкімі Ерболат Досаев танысты. Мамандар бұл жаңа материал әлдеқайда берік және жолдарда ойықтар мен жарықтардың пайда болуына жол бермейді деп есептеп отыр.

Жалпы, мамандардың айтуынша,

асфальттың кез келген түрі мен маркасында құм, шағыл тастары немесе гравий, минералды ұнтақ және қарамайға ұқсас битум көбірек қолданылады. Жұмыстың барысына қарай кейде жолды арматуралау үшін геосинтетикалық өнімдер де қосылуы мүмкін. Жолдың кей түрлерінде шағыл тастар көп қолданыла бермейді. Олар көлік көп қозғалатын жерлерде ұзаққа шыдас беру үшін пайдаланылады.

Ал сіз аты аталған қоспалардың қандай рөл атқаратынын білесіз бе? Мәселен, «Құм жолдың асфальтқа түсіретін қысымын бірқалыпта ұстап тұрады. Сондай-ақ, ол битум мен шағыл тастардың бір-біріне байланысып кетуін қамтамасыз етеді. Ал минералды ұнтақ кем-кетік жерлерді толықтырып тұруда көмекке келеді. Бұл қоспалардың ішінде ең маңыздысы – битум. Өзгелері белгілі бір деңгейде қосылып отырғанымен, қарамайға ұқсас өнімнің көлемі өз деңгейінен кемімеуі тиіс», – дейді мамандар.

Айта кетейік, бүгінде Алматының көше-жол желісінің ұзындығы 3096 шақырымды құрайды. Оның 234 шақырымының қатты жабыны жоқ. Жақсы және қанағаттанарлық жағдайдағы жолдар үлесінің көрсеткішін 95%-ға дейін жақсарту үшін 2025 жылға қарай 290 шақырым жаңа жол салу, жыл сайын ұзындығы кемінде 200 шақырым жолдарға орташа жөндеу және 350 мың шаршы метрден астам асфальтбетон жабынына ағымдағы жөндеу жүргізу жоспарлап отыр.

Ал «Сапалы асфальт жол қысқартады» деген тұрғындар қала басшылығының бақылауымен жүзеге асып жатқан жол жұмыстарына дән риза.

ИНДЕТПЕН КҮРЕС

«САРЫ» АЙМАҚТА

ҚАЗАҚСТАН жерінде 18 962 адам коронавирус инфекциясынан емделуде, олардың ішінде 1280 пациент стационарда, 17 682 науқас амбулаториялық деңгейде ем қабылдауда.

Бұл – кешегі, 25 шілдедегі мәлімет. Коронавируспен күрес жөніндегі ведомстваралық комиссия КВИ-ге шалдыққандардың арасында 32 адамның жағдайы ауыр екенін жария етті. 7 пациенттің жағдайы өте ауыр болса, 5 науқас ӨЖЖ аппаратында жатыр.

Айтпақшы, Байқоңырда кейінгі екі апта ішінде 23 адам COVID-19 жұқтырды. Сақтану керек бәрімізге!

«СПУТНИК V» вакцинасын Қарағандыда шығару тоқтатылған. Бұл туралы ҚР ДСМ дәрі-дәрмек саясаты департаментінің директоры Бауыржан Жүсіпов Орталық коммуникациялар қызметі алаңында өткен баспасөз мәслихатында айтты.

«Пандемия бастала салысымен Қарағандыда дайын субстанциядан «Спутник V» вакцинасы өндірісін іске қосқан едік. Қазіргі уақытта бұл процесс тоқтатылды. Бүгінде вакцинаның жеткілікті көлемі бар», – деді ол БАҚ өкілдерінің сауалына орай. Оның атап өтуінше, елімізде отандық QazVac вакцинасының да қоры жеткілікті. Бұған қоса, Pfizer вакцинасын қосымша сатып алу үшін келіссөз жүргізіліп жатыр.

БЕТПЕРДЕ тағу Нұр-Сұлтан тұрғындарына ұсынылып отыр. Себебі, 21 шілдеден бастап бастау «сары» аймаққа енген болатын.

Науқаспен байланыста болған абсолютті қарсы көрсеткіштері бар адамдарды, жүкті әйелдерді онлайн жұмыс формасына ауыстыру міндетті түрде ұсынылған. Сондай-ақ, мектепке дейінгі ұйымдарда топтарды біріктіріп, түрлі іс-шаралар өткізуге тыйым салынады. Бірақ бұл шараларды топ ішінде өткізуге рұқсат етіледі.

АҚШ президенті Джо Байденнің ковид жұқтырғаны туралы ақпарат өткен аптада тараған болатын.

Оның дәрігері Кевин О’Коннор Ақ үй басшысы коронавирустың ВА.5 нұсқасымен ауырған болуы мүмкін деп санайды. ВА.5 вирусы қазіргі уақытта АҚШ-тағы жаңа инфекциялардың 80%-ын құрайды. Дәрігердің айтуынша, президенттің тамыр соғысы, қан қысымы, тыныс алу жиілігі, оттегі деңгейі қалыпты күйде. Бірақ тест сынақтары теріс нәтиже бермейінше, оқшауланып жұмыс істейтін болады.

БРАЗИЛИЯ билігі бүлдіршіндерге ковидке қарсы екпе салатын болды. Елде үш жасстан бастап ата-аналардың рұқсатымен екпе алдыруға жағдай жасалып отыр.

Олар Кытайдың «Синовагін» салуды бастады. Аталған екпені Бразилияның Бутантан институты өндіреді. Жергілікті мамандардың пікірінше, бес жасқа дейінгі балалар коронавирусты ауыр өткереді. Ал 3-4 жастағы балдырғандарды вакциналау арқылы олардың ауруханаға түсу көрсеткішін азайтпақшы.

Нұр ЖАМАЛ.

ЖАҢА БАҒЫТ

№41 АВТОБУС «ГҮЛДАЛАҒА» ДЕЙІН БАРАДЫ



Алматы қаласының Көлік холдингі қала тұрғындарының өтінішін ескеріп, №41 автобус бағытын «Гүлдала» шағынауданына дейін ұзартып отыр. Маршрут 22 шілдеден бастап бағытын өзгертіп, жаңа сызба бойынша жолаушылар тасымалдайды. Енді №41 автобус Жақұт көшесінен Құлжа тас жолына қарай оңға бұрылып, содан кейін Бұқтырма көшесіне қарай тағы да оңға бұрылады. Айналма жол арқылы Құлжа жолына қайта түсіп, Уәлиханов көшесінің бойымен әл-Фараби көшесіне дейін барады. Сол жерден кері бұрылып, Уәлиханов көшесінің бойымен кері бағытта – Құлжа жолымен – Жақұт көшесімен, әрі қарай схема бойынша жүреді.

«АҚШАМ-АҚПАРАТ».



СУХБАТ

Жұмажан ЖАҢБЫРОВ,
техника ғылымының докторыКӨЛІК САЛАСЫНА
БІЛІКТІ МАМАНДАР ЖЕТІСПЕЙДІ

Алып шаһарда көлік қозғалысының бүгінгі жай-күйі қандай? Жалпы, көлік саласында кадр мәселесі, жолдағы кептеліс пен экологиялық ахуалды қалай шешіп, реттеуге болады?

Назарларыңызға көлік қызметінің айналасында қордаланған мәселелерді зерттеп, салықалы ой мен салмақты пікір айтып жүрген техника ғылымының докторы, көлік профессоры Жұмажан ЖАҢБЫРОВПЕН сұхбатты ұсынамыз.

Кептелісті қаражатсыз да шешуге болады

– Жұмажан Ғинаятұлы, алып шаһардың мәдениеті мен ішкі тәртібіне тікелей әсер ететін көлік қызметінің сапасын қалай жақсартуға болады? Бұл бағытта қандай жұмыстарға көңіл бөлген жөн?

– Алматыда көлік инфрақұрылымын дамыту үшін біраз жұмыстар атқарылып-ақ жатыр. Бірақ бұл салада әлі де шешімін таппаған күрделі мәселелер бар. Күн сайын мыңдаған автокөлік қала көшелерімен жүреді. Оған қаланың сыртынан келетін көліктерді қосқанда қала көшелерінде кептеліс орын алады. Мен көлік саласында жолаушылар тасымалын барынша сапалы, халыққа жайлы ету жолында біраз еңбек етіп келемін. Сол себепті, көлік құрылымына қатысты айтарым да, нақты ұсыныстарым да бар.

Жақында «Логистика және көлік академиясында» Алматы қаласы Полиция басқармасы мен қоғамдық көлік компаниялары басшыларының басын қосып, шаһардың көлік саласындағы мәселелерін талқылаған болатынбыз. Онда сала мамандарымен ақылдаса отырып, Алматыда көлік саласындағы мәселелермен айналысатын «Қала логистикасы» оқу-әдістемелік ғылыми орталығын құруға шешім қабылдадық. Ұсынысымыз қала билігі тарапынан қолдауға ие болады деген үміттеміз.

– Орталық ашу не үшін қажет?

– Мақсатымыз – көлік саласында халыққа сапалы қызмет көрсететін мықты кадрлар және әлеуметтік-экономикалық мәселелерді зерттеп, қоғамдық көлік кәсіпорындарының тиімді қызмет ету әдістемелерін әзірлеу. Яғни көлік жүргізушілердің куәлігінен бастап, мәдениеті, т.с.с. секілді бірнеше бағытта маман дайындау. – Жобаларыңыз шетелдерде де сұранысқа ие екенінен хабардармыз... Бізде ше?

– 2017-2018 жылдары Атырауға қоғамдық көлік тасымалының даму тұжырымдамасын дайындауға байланысты тендерден жоба ұтып алдым. Қазіргі облыстың әкімі Серік Шәпкенов ол кезде қаланың әкімі болатын. Үш айдың ішінде Атырау мен оған қарасты іргелес ауылдарда қоғамдық тасымал қызметін дамытуға арналған жобаны дайындап, ұсындық. Онда көлік саны, аялдамалар қай жерлерде орналасуы керек, жолаушылар легі, олардың жүру қашықтығы, жол ақысы, одан түсетін пайда мен төленуі тиіс салық – бәрі есептелді. Аллаға шүкір, қазір менің ғылыми жетекшілігіммен орындалған және қала әкімшілігі қабылдаған жобаның арқасында қаланың көлік тасымалы кептеліссіз жұмыс істеп тұр. Кейде атыраулық азаматтар хабарласып, «бүгінге дейін сіздер жасап берген сызба бойынша жүріп жатырмыз» дейді. Бұл – менің туған жеріме және ел игілігіне болсын деп жасаған еңбегім...

– Көлік кептелісінен құтылудың қандай жолдары бар?

– Академияда «Алматы қаласындағы көлік ағындары мәселесі, соның ішінде кептелістен қалай құтқаруға болады?» деген тақырыпты зерттеп жүрген бірнеше докторанттар бар. Олармен екі жыл бойы қала көшелеріндегі кептелістерді суретке түсіріп жүріп, зерттедік. Мәселе неде? Мұны мен Иманғали Тасмағамбетов әкім болып тұрған кезде де көтергенмін. Еуропаға 2019 жылы барған кезімде бізді қарсы алған Екатерина деген беларусь қызы болды. Сонда ол: «Жап-жаңа көлігім бар, дизельмен жүреді. Бірақ 1 қаңтардан бастап бізде заң шықты. Сол себепті қалаға кіруге рұқсат жоқ» деді. Одан кейін оларда «экологиялық маркировка» деген бар. Егер

көлігің экологиялық «Евро-4» стандартына сәйкес келмесе, онда қалаға кіргізбейді.

Мәселен, біздің жүк машиналарымызды Қытай, Ресей «Евро-4-ке» сай болмаса, қала емес, оның аумағына кіргізбейді. Қазір қоршаған орта мәселесі өте өзекті. Сондықтан Алматыға да компьютерлік бағдарламалар арқылы жүргізілетін экологиялық маркировка «Евро-4» шектеу стандартын енгізу керек. Менің зерттеуімше, елімізде 4 миллион 300 мыңдай автокөлік бар. Солардың 50%-дан астамының пайдалану мерзімі 20 жылдан асып кеткен. Яғни олар «Евро-4» емес, тіпті «Евро-2»-ге сай емес. Кейде көшеден біз де май ағып, түтіндетіп кетіп бара жатқан көліктерді жиі байқаймыз. Міне, осындай көліктерге шектеу қою керек. Көлігің стандартқа сай болса, ешкім қарсы емес. Қалаға кір де, жүре бер. Әйтпес-



«Қала логистикасы» орталығы қала басшылығымен бірлесе тығыз жұмыс жасайтын болса, көптеген мәселелерді ешқандай қаражатсыз, «әкімшілік ресурстары» арқылы шешуге болады. Ол үшін бізге қала әкімінің қолдауы мен шешімі болса жетіп жатыр. Мен шаһар басшысының Алматыда туып-өскен азамат екенін білген соң, осы жұмысты бірігіп ұйымдастыратын шығармыз деген үміттемін.



Мықты мамандар дайындауымыз керек

– Көліктердің қоршаған ортаға зияны көп дейсіз ғой...

– Иә, көліктің көптігі қаладағы тұрғындарға да кері әсер етеді. Алматының экологиялық жағдайы бүгінде көз алдымызда. Біле білсеңіз, дүниежүзіндегі ең лас 100 қаланың ішінде Алматы 76-шы орында тұр. Мен сізге нақты арифметика тілімен айтайын. Мысалы, қазіргі «Базис-А» компаниялары салып жатқан 25 қабатты 75 пәтерлік тұрғын үйін жер көлемі 6 сотық болатын 5-6 жер үйдің ауданында тұрғызады. Енді былайша есептейік. Бір жанұяда 4 адам, бір автокөлік бар делік.

Демек, бұрынғы 6 жанұя тұратын жерге 75 жанұя келеді. Адамдар саны 24-тен 300-ге, автокөліктер саны 6-дан 75-ке өседі. Егер бір толыққанды ер адам үшін жылына 400-450 литр оттегі керек болса, енді бұрын пайдаланып келген ауа кеңістігінде 24 адам емес, 300 адам жұтатын таза оттегі болуы тиіс. Екіншіден, бір автокөлік 1 литр бензин жаққанда 3 литр таза оттегі пайдаланып, көптеген зиянды газдар қоспасын шығарады. Ал бұл зиянды газ көлемі сол ауа кеңістігінде бірнеше есе көбейеді. Үшіншіден, Алматы қаласындағы ретсіз салынған биік-биік ғимараттарды есепке алсақ, әрі қарай нақтылаудың қажеті жоқ деп ойлаймын.

Өкініштісі, мұның барлығын бақылап, қадағалап отырған адам жоқ. Бір қарағанда барлық жоғары оқу орындарында мамандар дайындап жатқан сияқты, ал түптеп келгенде, дәл осы салада білікті-білімді маман жоқ.

– Мамандарды қалай дайындаймыз?

– Барлығының демей-ақ қояйын, жоғары оқу орындарын бітірген жастардың көбінің

білім деңгейі, соның ішінде нақты практикалық дайындықтары өте төмен. Жас мамандар өз саласына қатысты жұмыстарды білмейді. Көлік қызметі саласындағы мәселелерді реттей алмай жатқанымыздың бір себебі осы. Сондықтан оны шешудің қарапайым әдістерін білу үшін ең алдымен мықты мамандар дайындауымыз керек. Бір мысал келтірейін. Менің автокөлікпен көп шұғылданатынымды білетін «Астана-Моторстың» жігіттері бірде маған хабарласып: «Бізге сатушы-менеджерлер мен заңгерлер көп. Бірақ шетелден келетін көліктерді жөндейтін, қолмен бұрайтын механиктеріміз жоқ. Сіз бізге жас мамандар тауып беріңіз, біз оларды өз қаржымызға Кореяда оқытып, білімін жетілдіреміз. Барлық шығынды өзіміз көтереміз, тек келгеннен кейін өзімізде жұмыс істесе болды. Себебі, жұмыс істейтін маман таппай отырмыз», – дейді. Көріңіз бе?

Жалпы, бізде маман дайындауда кетіп жатқан олқылықтар өте көп. Біз осы жағына бетбұрыс жасап, жастарымызға қажетті дұрыс бағыт-бағдар беруіміз қажет. Ал жастар Отанымыздың баға жетпес байлығы. Мен дәріс беретін Логистика және көлік академиясының студенттері, магистранттар мен докторанттары арасында білімді, өй-өрісі мен талаптары жоғары қазақ жастары өте көп. Олармен өзімнің көптеген жылдар өндірісте бас инженер, 15–20 жылдай автокөлікпен жүк тасымалдау, құрылыс салаларында кәсіпкерлікпен айналысқандағы нақты іс-тәжірибелерім жайында жиі-жиі сұхбаттасамын. Алматы қалалық «Атамекен» ҰКП менеджерлерімен кездесулер ұйымдастырып отырамын. Бұл тұста менеджер Медеу ауданы филиалының директоры А.Қазыкенов бауырыма өте ризамын.

– Алматының Даму жоспарында көлік инфрақұрылымына да жіті көңіл бөлініп отыр. Бұл жобаға маман ретінде алып-қосарыңыз бар ма?

– Сөз, жоқ, Алматы қаласының әкімдігі, Жол полициясы басқармасы жол қозғалысын реттеуге, қала экологиясын жақсартуға барынша күш салып келеді. Соның бір дәлелі биылғы жоспарда да көрініс тапқан. Көлік саласына ерекше мән берілген. Бұл өз кезегінде қаладағы біраз мәселелерді шешуге ықпал етеді.

Менің бар ойым қала халқы қоғамдық көлікпен жүргенде өзін жайлы әрі қауіпсіз сезінсе деген ниет қана. Егер «Қала логистикасы» орталығы қала басшылығымен бірлесе тығыз жұмыс жасайтын болса, көптеген мәселелерді ешқандай қаражатсыз, «әкімшілік ресурстары» арқылы шешуге болады. Ол үшін бізге қала әкімінің қолдауы мен шешімі болса жетіп жатыр. Мен шаһар басшысының Алматыда туып-өскен азамат екенін білген соң, осы жұмысты бірігіп ұйымдастыратын шығармыз деген үміттемін. Егер орталық ресми түрде ашылса, болашақта өз саласының мықты маманы болам деген талапкерлерді жинау жұмыстарын бастар едік.

– Сұхбатыңызға рахмет!

Әңгімелескен
Құралай ИМАНБЕКҚЫЗЫ.





ОЙ. ПІКІР. ҰСЫНЫС

Кенжехан МАТЫЖАНОВ,
Алматы қаласы мәслихатының
депутаты

САНАНЫ ТҰРМЫС БИЛЕМЕСЕ ДЕЙМІЗ



Мемлекет басшысы Үкіметтің күні кеше өткен кеңейтілген отырысында еліміздің жаһандық күрделі геосаяси сын-қатерлерге қарамастан, бірқалыпты дамып келе жатқанын атап өтті. Оған бәріміз кәміз және жақсы жағынан дами беруіне тілекшіміз де.

Дегенмен, қазір барға қанағат деп тоқмейілісіп отыратын уақыт емес. Президентіміз біраз олқылықтың атын атап, түсін түстеп берді. Мәселен, инфляция үдеп барады. Оны сарапшы-мамандар ғана емес, қарапайым халық та көріп, сезініп отыр. Қазір кім-кімнің айтатыны да қымбатшылық. Мемлекет басшысы отандық өнімдерге басымдық беру керектігін тілге тиек етті. Жасыратыны жоқ, біз кейде өзіміздің өнім мен шетелдік бұйым қатар тұрса, жат елдің жылтырағына қол созатынымыз рас. Бізге бәлкім, патриоттық сезім жетпей жатқан шығар. Біз санаға тұрмыстың үстемдік еткенін қаламаймыз. Бізге

Жаңа Қазақстанды жасайтын жаңашыл, отаншыл, сергек, білімді ұрпақ керек.

Ал Президент білім саласында да қордаланған мәселе көптігін атап өтті. Күні кеше Білім және ғылым министрлігі екіге бөлінгенін білеміз. Бұл тың қадам сол мәселелерді шешу үшін қажет болғаны да айқын. Елімізде жеткіншектерге қосымша білім беру жақсы жолға қойылған.

Бұл – өрендердің қарым-қабілетін, шығармашылығын дамыту үшін қолға алынған тың бастама. Қосымша спорттық және шығармашылық білім беру ісіне де мемлекет тапсырысы бойынша қаржы бөліне бастағаны құптарлық қадам. Бұл үйірмелер мен секцияларға қатысатын балалар санын 70 пайызға дейін арттырған. «Білімге салынған қаражат мемлекет үшін ең басты инвестиция болуы керек. Бұл – өте маңызды мәселе. Түптеп келгенде, дамудың бірден-бір жолы – білім саласы. Сондықтан бұдан ешкім ұтылмайтыны сөзсіз.

Үкімет пен әкімдер жұртшылықпен бірлесіп, жобаны жетілдіруге тиіс. Оны сапалы әрі тиімді жасау қажет. Нақты ғылымдар мен инженерия саласы бойынша қосымша білім беруге айрықша назар аудару керек. Балаларды дене шынықтыру және академиялық тұрғыдан бірдей дамыту қажет. Ауылдық жерде тұратын балаларға баса мән берген жөн. Барлық аймақтағы балалардың қосымша білім алуына мүмкіндігі болуға тиіс», – деді Мемлекет басшысы.

Енді Үкімет пен жаңа министрліктердің өкілдері отандық білім мен ғылым саласын тың серпінмен дамытуға күш салады деп сенеміз.

Ерболат ҚАСЫМОВ, Алматы
қаласы мәслихатының депутаты

ЕЛІМІЗДІҢ ӨРКЕНДЕЙТІНІ СӨЗСІЗ



14 шілдеде Президенттің төрағалығымен Қазақстан Республикасы Үкіметінің кеңейтілген отырысы өтті. Жиында Қасым-Жомарт Тоқаев елдегі басты проблемаларды көтеріп, Үкімет пен министрлерді қатты сынға алды. Тіпті, кей министрлерге сөгіс те жариялаған болатын.

Мемлекет басшысының айтуынша, күрделі геосаяси сын-қатерге қарамастан, еліміз бірқалыпты дамып келеді. Мұны жартыжылдық нәтижеден көріп отырғанын баса айтқан ол инфляцияның да бір орында тұрмағанына тоқталды. Одан бөлек, елдегі

азық-түлік бағасының өсуіне де байланысты өз пікірін білдірді.

Әсіресе, Ресей нарығын тастап кеткен шетелдік компаниялардың Қазақстанға қоныс аударуына жағдай жасау керектігін, олардың құны жоғары сапалы тауарлары өндірісті арттыруға жақсы мүмкіндіктер беретінін айтқан тұсы құлағымызға жағымды естілді. Бұл дегеніміз, әлеуметтік-экономикалық тұрғыда тұрмыстық жағдайымызды қалыпты ұстауға септігін тигізеді.

Мемлекет басшысының бастамасымен осы жылы еліміздегі ірілі-ұсақты компанияларға қолдау болады деген үміттеміз. Қазіргі уақытта базарда болсын, сауда орталықтарында болсын, самсап тұрған өнімдердің барлығы шетелден әкелінеді. Бизнесті енді бастап жатқандардың көбісі жеңіл тағам даярлаумен, алыпсатарлықпен айналысады. Отандық өнімдерді жарыққа шығарып, брендке айналдырып жатқандары санаулы. Осы олқылықтың орнын толықтырсақ, еліміздің экономикасы алға қарай дамитын еді.

Жаһандық экономикалық ахуалдан бастап, еліміздің экономикасына тоқталып, салыстырмалы түрде баға беруінде үлкен мән жатқанын байқауға болады. Осы сараптамалармен айтылған сыни пікірлерге құлақ салып, дұрыс бағыт алар болсақ, еліміздің өркендейтіндігі сөзсіз.

Расул РЫСМАМБЕТОВ,
қаржыгер

ӨНДІРІС ОРЫНДАРЫ ҚАЖЕТ



Мемлекет басшысы соңғы уақытта азық-түліктің 80% қымбаттағанын айтып, тиісті органдарға осы мәселені шешуге тапсырма берді. Меніңше, айтылған сұрақты бір күнде, не айда шешуге болмайды. Ел Президенті де оны түсініп отыр. Сондықтан Үкімет отырысында шынайы әсер ететін тиімді жолдарды тапсын деді. Жалпы, азық-түлік мәселесін шешу үшін барлық саланы біртіндеп дамыту керек: ауыл шаруашылығы, қайта өңдеу саласы және т.б. Сондай-ақ, тек қағаз жүзінде емес, шынайы түрде

адамдардың айлығын көбейтіп, орташа табыс көрсеткішін көтерген жөн.

Себебі, халқымыздың қаражаты жеткілікті болғанда ғана компанияларға өз өнімдерін ішкі нарыққа әкелген тиімді болады. Ішкі нарық үшін өнім өнімдіретін орталықтарды субсидиялау керек. Сонда өндірушілер арасында бәсекелестік дамиды, ол өз кезегінде бағаның төмендеуіне әсер етеді.

Қазіргі жағдай соңғы жылдардағы жұмыстың нәтижесі. Осы күнге дейін мұнай бар да, бәрін сырттан сатып аламыз деген түсінікпен жүрдік. Ал бүгінгі геосаяси ахуал ішкі өндіріс орындарының қажеттілігін көрсетуде. Сондықтан шаруа қожалықтарына жағдай жасап, жер беру керек. Осы уақытқа дейін өндірушілерге керек жердің бәрі қолында билігі бар адамдардың қолында болды. Бұл жағдайды өзгерту қажет.

Жалпы, ауыл шаруашылығы мен мал шаруашылығына қарайтын болсақ, оларға не су, не дәнді дақылдары, не жайылымды жері жетпейді. Сондықтан айтылған мәселеге жақсылап назар салу керек. Мен бар жауапкершілік тек Ақорданың мойнында демеймін. Бұл мәселені шешу үшін жергілікті басқару органдары да, әкімдер де және шаруа қожалықтарының өздері де білек сыбана жұмыс істеуі қажет.



Александр БРАТЕНКОВ,
«Қоғамдық жоба» ҚБ директоры

ӨЗГЕРІСТЕР ЭКОНОМИКА САЛАСЫНДА ДА БОЛҒАНЫ ДҰРЫС



Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың төрағалығымен өткен Үкіметтің кеңейтілген отырысында әрбір қазақстандықты мазалайтын мәселелер айтылды. Атап айтқанда, экономикалық жағдайды тұрақтандыру, баға индексін төмендету, табыс деңгейін шынайы көтеру сынды өзекті сұрақтар талқыланды.

Айтылған мәселелердің әрқайсысы жалпы халықтың әлеуметтік-саяси көңіл-күйін көрсетті. Себебі, жалақының өсуі,

азық-түлікке бағалардың төмендеуі сынды сұрақтар барлығымызды алаңдатады. Әрине, айтылған мәселелер әрқашан да үлкен жиындардың басты тақырыбына айналады. Алайда, осы жолғы отырыстың нәтижесінде шынайы өзгерістер орын алып, халық қалауын орындайтын тиімді жолдар табылады деп сенеміз. Сондай шешімдердің бірі ретінде өңірлерге көбірек көңіл бөліп, оларды мемлекеттік қаржыландыруды, субсидиялауды арттыру қажет. Аудан-ауылдардағы өндіріс орындарына барынша қолдау көрсету керек.

Президент бастамасымен елімізде үлкен саяси-құрылымдық өзгерістер орын алды және әлі де жүзеге асып жатыр. Енді дәл осындай жаңа өзгерістер экономика саласында да болғаны дұрыс. Қаржы, әлеумет саласын шешетіндей жаңа шешімдер, жаңа мамандар керек. Шағын және орта кәсіппен айналысатын адамдар жаңа жұмыс орындарын ашады, салық төлейді.

Алайда, қазіргідей құбылмалы геосаяси жағдайда олардың істері жабылып қалуы оңай. Сондықтан мемлекет тарапынан субсидиялауды арттыру қажет. Сонда елде орта тап өкілдері көбейеді. Ал орта тап кез келген мемлекеттің негізгі қозғаушы күші екені белгілі.



БІЛЕ ЖҮРІҢІЗ!

Данышпан халқымыз ертеден-ақ «сұлудың көркі – шаш, шаштың көркі – шаштеңге» деген екен. Әйел баласының сұлулығы мен ақылын шашына қарап-ақ бағалап, болжаса керек. Жалпы, қай ұлтта болсын, сұлудың көркі ұзын бұрымына қарап бағаланған.



ҚЫЗДЫҢ КӨРКІ – ҚОЛАҢ ШАШ

Шаш өріп, шолпы тағудың да тәрбиелік мәні бар



Рая
ЕСКЕНДІР

Әйелдің шашы табиғатына қарай қолаң шаш, сүмбіл шаш деп, өріміне қарай «жалғыз бұрым», «қос бұрым» дегендей, әрі қарай бөлініп кете береді. Бүгінгі ақындарымыз қыздардың сұлулығын «иықтан шашын, төгіліп жерге, күмістей шашпау жарасып белге» деп суреттесе, кешегі ұлы Абай «Қолаң қара шашы бар жібек талды», Ақан сері «Сүмбіл шаш, пісте мұрын, лағыл иек, шынардай он саусағың құлжа күйек» деп тандай қағып, сұлулыққа сұқтанған екен. Бұған қоса, ұзын шашқа тағынған алтын, күміс шолпылар хас сұлудың келбетіне көрік қосып, әсем жүзін айшықтай түскен.

Демек, сол төгілген шашты баладай баптап, алтындай сақтау керек. Шаш күтімі, оны тарау, өсіру, өрудің өзі үлкен бір тәрбие мектебі десе де болады. «Ақ үйден бір қыз шықты көзі үлкен, шаштарын он күн тарап, бес күн өрген» деп келетін халық өлеңіндегі ғажап теңеу осының бір дәлелі болса керек. Мәселен, осы шашқа қатысты деректерге көз салсақ, шашқа қосатын, жалғайтын, кигізетін, тарайтын, жағатын, тағылымы зор тағымдар мен зергерлік әсем бұйымдардың бар екенін байқаймыз. Сонымен қатар, шашты тарау, тарқату үшін бастыратын шаштарақты шеберлер анау-мынау емес, тек сиыр-

дың мүйізінен жасаған екен. Ертеректе біздің ата-бабаларымыз шашты жылтырату үшін шашмай жағып, оның бас терісіне сіңуіне аса мән беруі де тегін емес.

ШОЛПЫ

Шашқа тағатын және оның сәнін келтіріп, мәнін арттыратын сәндік бұйымдардың ішіндегі асылы мен артық саналатыны – шолпы. Шолпы сәндік үшін ғана емес, шашты өсіретін әрі ұзартатын болғасын тағылады, желді күні шаштың көтеріліп кетпеуі үшін де пайдаланылады. Әсем сәнді шолпыларды қыздар мен келіншектер таққан, егде әйелдер тақпаған. Міне, мұның өзіндік тәртібі осында болса керек.

ҚАЗАҚ ҚЫЗЫ ШАШЫН ЖАЙЫП ЖҮРМЕГЕН

Қаракөз, алма мойын қыздарымызды төрге шығарған бабаларымыз «Қолаң шаш, қара көз, қара қас, бойынан бір мін де табылмас...» деп сүйсінсе, қазір қалада да, далада да қаракөздеріміздің шашын жайып, жалбыратып жүруі кеңінен етек жайып барады. Мұның өзі шашқа деген күтімнің жоғын көрсетеді.

Сонау ерте заманның өзінде қазақтың қызы еш уақытта шашын жаймай, бұрымын қос етіп өріп, жинап, шашпау тағып, бойынан бекзаттық, сұлуға тән тәкаппарлық, тазалық есіп тұратын. Тіпті, сол әже-

лердің тәрбиесін көрген біздің аналарымыздың өзі әлі күнге дейін шашын жинап, бір қылын жерге түсірмей түйіп жүреді. Тәрбиенің мықтылығы емес пе, тіпті түскен шаштарының өзін жинап, бір талын да жерге түсірмей тығып қояды. Әйелдер қай кезде шашын жайған? Жау шауып, ауылды өртегенде, азаматынан айырылып, ері қайтыс болғанда шашын жайып жоқтаған. Кинолардың өзінде шашын жайып, екі қолымен көктем көмек сұраған, енді бірде шашын жайып, екі бүйірін таянып, жоқтап отырған әйелдерді көреміз. Яғни мұның өзі жамандықтың болғанын көрсетпей ме?

Ғалымдардың айтуынша, шаштың беріктілігін алюминиймен салыстыруға болады. Бір тал шаштың өзі 100-ден 200 грамға дейінгі салмақтағы затты ұстап тұруға шамасы келеді екен. Демек, әйел адамның бұрымы 20 тоннаға дейінгі затты көтеріп тұра алады дейді мамандар. Міне, осындай күш-қуатқа ие шашты жинап, буып-түйіп жүргенге не жетсін? Өйткені, шашты жаюдың зияны өте көп. Мысалы, әйелдердің күніне 70 тал шашы түседі, жерде жатқан зат аяққа басылады. Осыдан келіп адамда бас ауруы пайда болады. Кейде қыздар көпшілік орында шаштарын тарап, түскен шаш сол жерде қалып кете барады. Әйел адамдардың сыртқы сұлулығының 80 пайызы шашта көрінеді. Әйелдің шашын иіскеген ер адамдардың мас кейпіне түсетінін ғалымдар әлдеқашан дәлелдеген екен. Қарап отырсаңыз, дәл қазіргі кезде қазақ қыздарына айтылатын «шашынды жайма» деген тыйым сөздің қадірі кетіп, жесір үлгісі сән болғандай. Шыны сол, қазіргі таңда шашын жинап, биязы көрінетін қыз көрсек, қуанатын болдық.

ҰЗЫН ШАШТА ТЫЛСЫМ КҮШ БАР

Шаштың адамды ғарышпен байланыстыратын да тылсым күші бар екен. Ғалымдар ұзын шаштың ғарыштан келген күшті көбірек алатынын зерттеген. Ертеректен келе жатқан наным-сенімдерге сай, «ұзын шаш түйсікке жол ашады, әйелдің энергетикасы, отбасын сақтайтын жылулықтың бәрі шашта сақталады» деген де түсінік бар. Шашты неғұрлым қысқа қиған сайын соғұрлым әйелдің энергетикасы азая түсетін көрінеді.

Әйел адам екіқабат кезінде, баланы босанғанша шашына қайшы тигізбеуі керек. Бұл қағиданы қазақ әлі күнге дейін қатаң ұстанып келеді. Өйткені, әйел адам шашын қиып тастаса, іштегі балаға зиян келуі мүмкін екен.

Жалпы, ұзын шаш – нәзіктіктің белгісі. Көбіне, ер адамдардың қызға таңдау жасағанда, оның шашының ұзын-қысқалығына

баса мән беріп, болашақ жары ретінде ұзын шашты қызды құп көретіні дәлелденген.

Сонымен қатар, ұзын шаш адамның денінің саулығын да білдіреді. Шашы сау адамның ішкі ағзасы ғана емес, жүйке жүйесі де сау болады. Қазіргі таңда шаштың саулығын сақтау үшін ішетін дәрумендер өте көп. Сондықтан өз денсаулығыңыздың қажетіне қарай, дәрумендерді уақытылы ішіп отыру керек.

Қысқа шаш көбіне әйелдердің бойындағы күрескерлік, белсенділік сияқты қасиеттерді оятады. Өмірде дәлелденгендей, көбіне қысқа шашты арулар билікке ұмтылып, отбасын екінші орынға қойып жатады. Ал ұзын шашты қыздар отбасының берекесін сақтап, нағыз жар атануды мақсат тұтады екен. Бір кездегі «шашы ұзын, ақылы қысқа» деген жаңсақ түсінік келмеске кеткендей.

Шашты күтіп-баптау, шашты тарағанда, өргенде тек жақсы нәрсе ойлау, армандау адамды алға жетелейді. Кейде адамдар шаш үлгісін өзгерткен соң өз өмірінің де өзгергенін айтып жатады. Ал жаны бір өзгерісті, тыныштықты қалайтын адамдар алдымен шашын ретке келтіреді.

Тіпті, шаштың түсіне қарап та адамды тануға болады екен. Шаш – мінездің де хабаршысы. Қара шаштылар – қызуқанды, қайратты, жігерлі адамдар екен. Ал қоңыр шаштылар – елгезек, әсершіл, сезімге берілгіш, жұмсақ мінезді, өз ойы мен эмоциясын жасыра алмайтындар көрінеді. Қызыл, алтын түсті сары шаштыларды көбіне – ақылды, мәдениетті, көпшіл, айлакер, кекшіл адамдар дейді.

Кейде төбесінде ғана шашы бар немесе шашы түгелдей түсіп қалған адамды кездестіріп қаламыз. Әрине, қазақта мұндай адамдарды таз деп атайды. Сөйтсек, мұндай бастар медицина тілінде алопеция деп аталады екен.

Қазіргі дамыған заманда трихологиялық орталықтарда алдымен компьютерде шаш ауруының диагностикасы тексеріледі. Бастың қасқалануы да, жиі терлеуі де, қайызғандықтан арылмауы да шаш ауруларына жатады екен. Асқазан-ішек жолдары, эндокриндік және иммундық жүйенің бұзылуы да шаштың сыпырылып түсуіне сеп болатын көрінеді.

Одан қалса, экология, шашты дұрыс күтпеу, стресс, инфекция да бұған әсер етеді. Адамның шашы күндігіне 50-ден 80 талға дейін түсуін мамандар «қалыпты жағдай» деп жатады. Кейде оның орнына жаңадан шаш өссе, патологиялық ауытқулар кезінде шаш өспей қалады. Дәл қазіргі таңда ерлердің – 96 пайызында, әйелдердің 79 пайызында шаш түсуі кеңінен етек алып отыр.





ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

ШАШЫҢЫЗДЫ КҮТУ ӨЗ ҚОЛЫҢЫЗДА!

Қазіргі кезде шашты күтіп-баптаудың түрлі жолы бар. Ең төте жолы, зияны аз табиғи өнімдерді тұтынғаныңыз жөн. Бұл ретте табиғи майлар шашты ылғалдандырады және жылтыратады, бас терісін қабыршақтану мен қышудан қорғайды және шаш өсуіне ықпал етеді.

АРГАН МАЙЫ

Бұл майды «сұйық алтын» деп те атайды. Арган майы – ең қымбат май. Оның құрамында Е дәрумені, омега-3 майлы қышқылдары және антиоксиданттар көп. Арган майы шашты зиянды ультракүлгін сәулеленуден қорғайды. Сондай-ақ, ол басқалармен салыстырғанда аса майлы емес, сондықтан оны жиі қолдануға болады.

ЗЭЙТҮН МАЙЫ

Әрбір әйелдің ас үйінен табылатын зәйтүн майын шашты терең ылғалдандыруға қолдануға болады. Зәйтүн майымен бас терісіне массаж жасасаңыз, зәйтүн оның жағдайын жақсартып түседі. Ал зәйтүн майымен шашты тарасаңыз, ол жұмсақ әрі тегіс болады. Алайда, зәйтүн майын аптасына 1-2 реттен артық қолданбаған жөн. Оны бас терісі мен бүкіл шаш ұзындығына жағып, аздап массаж жасап, пакетпен орап тастаңыз. Оны 30 минут өткен соң сусабынмен жуып тастайсыз.



КОКОС МАЙЫ

Кокос майында Е дәрумені өте көп. Сондай-ақ, кокос майында микробтарға қарсы тұратын қасиетке ие қышқылдар бар. Егер оны уақытылы қолданып тұрсаңыз, ұсақ инфекциялардан арыла аласыз. Кокос майының 20 пайдалы қасиеті бар.

ГҮЛШЕТЕН МАЙЫ

Шашқа күнде шаң-тозаң отырып қалатыны белгілі. Егер сіз гүлшетен майын қолдансаңыз, ол жақсы тазартушы қасиетке ие. Гүлшетен майында В дәрумені, темір және кальций бар. Көбіне, гүлшетен майын әлсіз, ұштанған шашқа пайдаланады. Мамандар көбіне гүлшетен майының өзін емес, мысалы, зәйтүн майымен араластыруды ұсынады.

МАЙСАНА МАЙЫ

Майсана майы – жаңадан шаштың шығуына ықпал етеді. Ол Е дәруменіне, минералдарға және протеиндерге бай. Бұл майдың құрамында шаш өзегіндегі қалыпты кератин деңгейін ұстап тұратын антиоксиданттар бар. Майсана майы бас терісін қайызғақтың пайда болуынан қорғайды. Одан отыз минуттық немесе бір сағаттық маскалар жасауға болады.

ТАҒЫМ



Бұл үйде 1997–2021 жылдары КӨРНЕКТІ ҒАЛЫМ ҚР ҰҒА АКАДЕМИГІ МЕМЛЕКЕТ ЖӘНЕ ҚОҒАМ ҚАЙРАТКЕРІ НҰРҒАЛИ ҚҰЛШЫМАНҰЛЫ МАМАЙЕВ ТҮРҒАН

ЕЛ ЕСІМІН АРДАҚТАДЫ

Алматыда көрнекті ғалым, ҚР Ұлттық Ғылым академиясының академигі, Мемлекеттік сыйлықтың иегері, мемлекет және қоғам қайраткері Нұрғали Құлшыманұлы Мамыровқа арналған мемориалды тақта ашылды. Тастан қашалып жасалған ескерткіш-тақта Қонаев пен Қарасай батыр көшесінің қиылысындағы 1997–2021 жылдары Нұрғали Құлшыманов тұрған үйдің қабырғасына қойылған.



Рая ЕСКЕНДІР

Айтулы тұлғаға арналған ескерткіш-тактаны ҚР Ұлттық Ғылым академиясының президенті Мұрат Жұрынов пен Дарина Нұрғалиқызы Мамырова ашты. Алғашқы сөз кезегін алған Мұрат Жұрынов былай деді:

– Біз бүгін қазақтың біліміне, мемлекетіміздің өркендеп дамуына зор үлес қосқан ұлтжанды азаматтың есімін мәңгіге қалдыру үшін ескерткіш-тақта ашып, құрмет көрсетіп жатырмыз. Кезінде мен

Білім министрі болған кезімде Нұрғали Мамыров атақты «Нархоздың» ректоры болды. Екеуіміз дос әрі көрші болдық. Бір көргеннен сөзіміз жарасып, тіл табыстық. Өзіміз де, отбасымыз да араласты. Нұрғали нағыз қазақтың азаматы, қазақи қасиеттің барлығын бойына сіңірген, ашық мінезді, қонақжай, досқа адал, сертіне мықты азамат болды.

Ол жас кезінен-ақ жора-жолдастарынан оқ бойы озық тұрды. Жауапты кызметтерді атқарды. Кезінде қазіргі Алматы технология университетінің (ол кезде Тағам институты) ректоры болды. Осынау саланың дамуына өлшеусіз үлес қос

Ақан БИЖАНОВ, Алматы қалалық Ардагерлер кеңесінің төрағасы:

– Соңғы жылдары Алматыда елімізге еңбегі сіңген азаматтарға ескерткіш-тақта, көше атаулары беріліп жатыр. Мұндай сауапты іске ұйытқы болып жатқан қалалық әкімшілікке Алматы қаласының барша ардагерлері атынан алғысымды білдіремін.

Өмірінің басым бөлігін елінің болашағына, білім мен ғылымға арнаған жан туралы кезінде қазақтың біртуар ұлы Дінмұхамед Қонаев өзінің естелік кітабында Нұрғали Мамыров туралы ерекше лебізін білдірген еді. Осынау қайталанбас жанның аузынан мұндай пікір естудің өзі Нұрғали Мамыровтың мықтылығын білдірсе керек.

Салтанатты іс-шара барысында елімізге белгілі тұлғалар Есмұқан Обаев, Зәуреш Аманжолова, Стаханшы Белгожаев, қалалық Мәдениет басқармасы басшысының орынбасары Арман Халибеков, Дарина Нұрғалиқызы сөз алып, көзі кетсе де, соңында сөзі қалған бірегей тұлға туралы тебірене еске алды.

КИНОТУЫНДЫ

«СОҚЫР МАХАББАТ» ФИЛЬМІ

Денис Теннің сценарийі бойынша түсірілген «Соқыр махаббат» фильмінің алғашқы көрсетілімі Алматы қаласында ұйымдастырылды.



Ақтолықын ТҮРЛЫҒАЗЫ

Фильмнің премьерасына мәнерлеп сырғанаушы Денис Теннің достары, туыстары мен жақындары да қатысты. 28 шілдеден бастап прокатқа шығатын кинотуынды Алматы мен Нұр-Сұлтан қалаларындағы кинотеатрларда көрерменге жол тартпақ.

Фильм жастардың ерекше махаббат хикаясын баяндайды. Саңырау бойжеткен мен зағип жігіттің желідегі хат алмасуы махаббатқа ұласып, екеуі бір-біріне өз ерекшеліктері туралы қалай айтарын білмей дал болады.

Кинотуындының бас продюсерлері – Тимур Бекмамбетов пен спортшының анасы Оксана Тен. Фильмге Венеция кинофестивалінің жеңімпазы, оңтүстіккореялық Чак Че режиссерлік етті.

«Мен Дениске питчингке қатысу идеясы туралы айттым. Сосын ол жасырын түрде өтініш берді. Байқауға әлемнің түкпір-түкпірінен 250-ден астам өтінім түскен. Нәтижесінде Мәскеуде өткен халықаралық байқауда Денис жеңімпаз атанды. Біз түсірілімді Лос-Анджелестен бастауды жоспарлап қойған едік. Бұл – қайғылы оқиғадан бір ай бұрын болған еді. Кейін Денистің



анасымен бірге бұл фильмді түсіру керек деген ойға келді», – дейді Денистің досы, атқарушы продюсер Игорь Цай.

Түсірілім 2019 жылдың басында басталып, үш айға созылды. Режиссер Венеция кинофестивалінің жеңімпазы Чак Че болды. Халықаралық фильмді түсіруге қазақстандық мамандар да белсене атсалысты.

Фильм осы жылдың күз айында Оңтүстік Кореяда прокатқа шығады. Айта кетейік, кинотуындының сценарисі мәнерлеп сырғанаушы, 2014 жылы Сочиде өткен Олимпиада ойындарының қола жүлдегері Денис Тен осыдан 4 жыл бұрын 25 жасында

пышақ жаракатынан қаза болған еді.

Продюсерлер Денистің түпнұсқа сценарийін сақтап, оған өзгертулер енгізбеді. Фильмнің түсірілімі 2019 жылы Голливудта, Лос-Анджелесте, Калифорнияда өтті. Қазақстандық Игорь Цай атқарушы продюсер болса, пост-продакшнды SXSW фестивалінің үздік монтаж сыйлығының лауреаты Роберт Кун басқарды.

Фильмде Денистің өзі жазған әндерінің түпнұсқасы пайдаланылды. Басты рөлдерді дыбыстау үшін Біржан Әшім, Ахмад Хельми және Назим Миссанов секілді қазақстандық блогерлер шақырылды.



ШАРА ЖИЕНҚҰЛОВА – 110 ЖЫЛ

ҚАЗАҚ БИ ӨНЕРІНІҢ ЖАРЫҚ ЖҰЛДЫЗЫ

Қазақ халқының би өнерінде есімі алтын әріптермен жазылатын тұлғалардың бірі де бірегейі – Шара Жиенқұлова. Оның өнерге қосқан еселі еңбегі әлі күнге ел жадында. «Менің алғаш рет ортаға шығып билегенім тұманмен тең» деген апамыз сонау отызыншы жылдары ұлттық өнеріміздің өркендеуіне сүбелі үлес қосқан дарынды азаматтарымызбен иық тіресіп еңбек етті.

Ақтолқын
ТҮРЛЫҒАЗЫ

Қалибек Қуанышбаев, Елубай Өмірзақов, Серке Қожамқұлов және арқалы ақын Иса Байзақовпен өнерге қатар қадам басты. Шара апамыз Баймолданың он төртінші қызы болған. Орыс мектебінде білім алып, даланың ән-күйінен нәр алып, жазық жайлауда биге әуестенген. Оның алғашқы сахнасы қазақтар мен қырғыздардың арқалы тойында өткен. 13 жасында ауыл адамдарының ыстық ықыласына бөленген.

Осы ретте өзінің жазған бірер естеліктерінен үзінді келтіре кеткеніміз жөн болар. «Қыста қалада тұрамыз, көктем шығысымен малды айдап, Алатауды асып «Көкайрық» деген қырғыз-қазақтың жері түйіскен араға үй тігіміз. Көшіп-қонып бола берісімен екі ел бірін-бірі қонаққа шақырысады, мұны «сері» жасаймыз дейді. Атшабыс, көкпар, балуан күрес, айтыс сонда болады. Барлық той-томалақ, келін түсіру, қыз ұзату да осында. Домбырасын күмбірлетіп, қобызын зарлатып қазақтың күйшісі мен әншісі шықса, князь мен қомызын жорғалатып қырғыздың небір күміс көмей әуеншісі мен жыршысы шығатын. Таудың айы кеш туады, күні де кеш шығады. Сондықтан жайлаудың желіккен жұрты ай туғанға қаратпай сауықты бастап жібереді.

...Жұрт ортасына қалай топ ете түскенімді білмедім. Көзім жапақ-жапақ етіп жан-жағыма қараймын.

– Ей, мына қыз билейін деп тұр!

– Көне, Гүлшара, биле!

Хұсайын деген гармоншы жігіт бидің бір сазын күйкылжыта жөнелмесін бе? Дөңгелене жөнелдім. Әлі ойланам, соным не би, апыр-ау?! Сірә, мен көргенімді, ұғынған-түйсінген, айналанды қоршаған әлемнен көріп-баққанымды би тіліне айналдырсам керек. Содан кейін де мен осыман жазбадым. Күнде кешкілік сауық-серіде: «Ал Шара, биле!», – дейді, билеп ала жөнелем. Күй ырғағына қарай ат боп шабам, ұршық иірем, киіз басам, күбі пісем, не керек, көрген-білгенімнің бәрін жұрттың көз алдына келтірем. Басыма бөрік, беліме белбеу тағып, камшы ұстап, кейде бозбала болып шығамын, «қыздарға қырындап», көз қысып, елдің ішек-сілесін қатырам. Күніне, әйтеуір, бір өнер шығарам. Міне, мен бишілік жолдың әліппесін осылай бастағам», – дейді Шара апамыз «Өмірім менің – өнерім» кітабында.

Халқымыздың бұлбұлы Күләш десек, би өнеріндегі жарық жұлдызы – Шара Жиенқұлова он алты жасында «Биші қыз» атағын иеленді. Үлкен сахнадағы өнер жолын жолдасы Құрманбек Жандарбековпен бірге Қазақ драма театрында бастаған. 1924–1930 жылдары Шара Жиенқұлова Қазақ педагогикалық институтының тарих факультетінде оқыды.

Ал ең алғаш театр сахнасында Тригердің «Сүңгуір қайық» пьесасына қатысқаны жайлы ұнтаспаға жазылып алынған Шара апамыздың сөзін оқи отырсақ: «ҚазПИ-де оқып жүрген кезім. Театр Қызылордадан көшіп келді. Содан кейін театрға байқау басталды. Күләш марқұм бар, екеуміз келдік. Драма

театрының әртісі болдық. Ол екеуміз «Сүңгуір қайық» дейтін пьесада көмір таситын титтей баланың ролінде ойнадық. Ала майканы киіп алып, көмір тасып, бетімізді қараға бояп аламыз да, сахнаға бір жүгіріп шығамыз. Сол рөлді екеуміз таласып ойнайтынбыз. Кім бірінші келсе, сол ала майкіні киетін. Бетіне күйе жағатын. Сол ойнап шығатын. Ол кезде сағат та жоқ. «Халық жиналды ма, жиналды, ал бастаймыз» деп бастайтынбыз. Мен Күләштан бұрын ерте келіп отырам. Бетіме күйе жағып, ала майкіні киіп алып, бар ынтымыз сахнаға бір жүгіріп шығу болатын. Осылайша театр сахнасына кішкентай ғана рөлдері сомдай бастағанбыз», – дейді Шара Жиенқұлова.

Тұңғыш ойнаған ролі – Бейімбет Майлиннің «Майдан» пьесасындағы Пүліш образы. Алайда, кей деректерде Шара Жиенқұлова алғаш рет сахнаға Бейімбет Майлиннің «Шұға» спектаклінде шыққаны айтылады. Содан кейін Мұхтар Әуезовтің «Еңлік-Кебек», «Қарагөзінде» басты рөлді сомдады.

1934 жылы жаңа Қазақ мемлекеттік музыка театрының шымылдығы түрілді. Шара Жиенқұлова сонда Әуезовтің «Айман – Шолпан» спектаклінде «Келіншек» деген қазақтың ұлттық биін тұңғыш рет алып шықты. Оны ойлап тапқан да, орындаған да Жиенқұлованың өзі. Бұл – қазақ хореографиясының бастамасы болды.

Сахнаның еркесі де, сәні де болған Шара апайымыздың есімі Қазақ даласынан асып түсіп, сонау Лондонда айрықша аталды. Бір күні Наркомның бастығы Темірбек Жүргенов бишіні кабинетіне шақырып: «Шара, сен Лондонда өтетін фестивальге қатысасың» деген. Сөйтіп, басшылар қауымы жаңа бағдарлама дайындап, арнайы костюм тіккізіп, Шараны алыс сапарға аттандырды. Ол жайында да өзінің айтқан мына бір естелігінен байқауға болады.

«Қазақ бишісі Шара Жандарбекова билейді!...». Жалпақ жұртқа жариялап тұр ғой атымды. Құлағым шыңылдап, көзім қарауытып кеткендей. «Уа, қазағым» дедім де, сахнаға билей басып шықтым. Ду қол соғылды. Үлкен театрдағы концерт аяқталысымен мені атақты бишілер –

Ольга Лепешинская, Екатерина Гельцер, Марина Семенова, Ляля Черная келіп құттықтады. «Кім үйретті саған осынша көркем билерді? Балетмейстерің кім?», – деп сұрады. «Александров», – дедім мактана.

«Айтпақшы, о байғұс басына іс түсіп сонда кеткен ғой. О, сен, Шара, бақытты екенсің, Александровтан би үйренген. Ол – балет тарихындағы үлкен тұлға, бәрі-бәрін үйреніп қал сен одан. Бізден сәлем айт, послылка жіберейік, ала бар» деді.

Ертесіне маған газет тілшілері масадай жабысып, суретке түсіріп, интервью алып тұрып: «Киргизкамьсын?», – дейді. «Жок, казашкамын, Қазақстаннанмын», – деп, кейбіріне түсініктеме беруіме тура келді. Мәскеуде 10 күн концерт бердік. Заводта, Москва университетінде, тағы басқа өндіріс орындарында өнер көрсеттік», – дейді Шара апамыз «Өмірім менің – өнерім» атты кітабында.

Шара өзінің жеке ансамблімен Қазақстанда, одан әрі Одақ көлемінде, шетелде өнер көрсетіп, көпшілікке танылады. Ел басына күн туған сол бір жылдары майданға өз еркімен үгіт бригадалары аттанады. Майдан шептерінде ол «Молдабай», «Шахтер», «Бүркітші» сияқты қазақ билерімен коса, әлем халықтарының биін орындап, халықтар достығын насихаттайды. Өнер бригадасы әскери бөлімшелер мен госпитальдарда қырық бес концерт қойып Алматыға оралады.

Жасы елуге келген шағында сахна өнерін қойып, ұстаздық қызметке ауысты. 1965–1975 жылдары Алматы хореография училищесінде басшылық қызмет атқара жүріп, шәкірт тәрбиесіне ерекше назар аударды. 1968 жылы «Қыз Жібек» спектаклінің балеттік қойылымын жасап, Қазақстан Мемлекеттік сыйлығының лауреаты атанды. Хореография өнеріндегі сіңірген еңбегі үшін «Еңбек Қызыл Ту» және «Құрмет белгісі» орденімен марапатталды.

Қазіргі уақытта балетмейстердің көпшілігі Шара Жиенқұлованың билеріне жаңа дем беруде. Қазақ халқының ұлттық өнерінде өшпес із қалдырған дарын иесінің тағылымы жаңғырып, тарихта мәңгі қала береді.

СИМПОЗИУМ

ӘРІПТЕСТІК НЫҒАЙЫП КЕЛЕДІ

«Қазақстан-Қытай ынтымақтастығының 30 жылдығы» тақырыбында халықаралық ғылыми симпозиум ұйымдастырылды

Пандемияға қарамастан Қазақстан-Қытай сауда-экономикалық және гуманитарлық ынтымақтастық оң серпінде байқалуда.

Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі Ғылым комитетінің Философия, саясаттану және дінтану институты Шэньси педагогикалық университетінің (Сиань қ., ҚХР) «Бір белдеу және бір жол» мәдени зерттеулер институтымен бірлесіп «30 жылдағы Қазақстан-Қытай ынтымақтастығы» атты халықаралық симпозиумды ұйымдастырды.

Оған онлайн және офлайн форматта ғалымдар мен ҚР және ҚХР министрліктері мен ведомстволарының өкілдері қатысты.

Халықаралық симпозиумның ұйымдастырушылары екі елдің сараптамалық және талдау қоғамдастығына ҚР мен ҚХР екіжақты қарым-қатынастарының түрлі мәселелерін қозғайтын ғылыми және қолданбалы сипаттағы бірқатар мәселені талқылауға ұсынды. Жиын барысында әлемдік тәртіптің өзгеруі жағдайында Қытай-Қазақстан ынтымақтастығын ғылыми-талдамалық сүйемелдеудің рөлі, экономикалық және гуманитарлық ынтымақтастығы, екі ел арасындағы қарым-қатынастарды тереңдету перспективаларының болжамы сияқты тақырыптар талқыланды.

Симпозиум жұмысына қазақстандық және қытайлық жетекші ғалымдар мен сарапшылардың беделді және өкілетті қатысуы мазмұнды пікір алмасуды қамтамасыз етті және халықаралық іс-шараның мазмұнды бағдарламасының регламенті бойынша ұсынылған мәселелерді кәсіби талқылаудың жоғары деңгейін анықтады.

Содан кейін симпозиумға қатысушылардың алдында Шэньси провинциясының әлеуметтік ғылымдар федерациясының төрағасы, Шэньси педагогикалық университетінің «Бір белдеу және бір жол» мәдени зерттеулер институтының директоры Гань Хуэй құттықтау сөз сөйледі, ол өткен отыз жылдық ынтымақтастықтың ретроспективасында Қазақстан-Қытай қатынастарының жай-күйі мен даму перспективасын жоғары бағалады.

«30 жылдағы Қазақстан-Қытай ынтымақтастығы» халықаралық симпозиумының қатысушылары мен ұйымдастырушыларына жауап ретінде ҚР ҒЖБМ Ғылым комитеті Философия, саясаттану және дінтану институтының бас директоры, ҚР ҰҒА академигі Сейдуманов Серік Қазақстан мен Қытай ынтымақтастығының қорытындылары бойынша қамтамасыз етілген экономикалық және саяси жетістіктерге егжей-тегжейлі ғылыми талдау жасады.

Ол біздің елдеріміздің «Белдеу және жол» бастамасын іске асыру жөніндегі табысты ынтымақтастығына және ауыл шаруашылығындағы, «жасыл» энергетикадағы, жасанды интеллект, қаржы және электрондық сауда салаларындағы екіжақты өзара іс-қимылдың нәтижелілігіне экономиканың перспективасы салаларын дамытудың осы ауқымды процестерін екі елдің ғалымдары міндетті түрде зияткерлік тұрғыдан сүйемелдеген жағдайда қол жеткізуге болатынын атап өтті.

Халықаралық симпозиумның басқа спикерлерінің сөйлеген сөздері Қазақстан мен Қытайдың 30 жылдық тарихы мен өзара тиімді саяси, сауда-экономикалық, инвестициялық және мәдени-гуманитарлық ынтымақтастығының негізгі аспектілері мен жетістіктеріне тоқталды.

Симпозиумға қатысушылар өз сөздерінде екіжақты ынтымақтастықты дамытудағы елеулі кезең ҚХР Төрағасы Си Цзиньпиннің 2013 жылғы қыркүйекте Қазақстан астанасында Жібек жолының экономикалық белдеуін бірлесіп салу туралы ұсынған бастамасы болғанын атап өтті.

«Осы бастама аясында біздің елдеріміз экономика, сауда және көлік, сондай-ақ мәдени-гуманитарлық өзара іс-қимыл салаларындағы ынтымақтастықты үйлестіру бойынша үлкен жұмыс жүргізді. Қазақстан ынтымақтастыққа ерекше қызығушылық танытады. Қытай цифрлық технологиялар, ауыл шаруашылығы, көлік және логистика салаларында жетістіктер көрсетуде. Пандемияға қарамастан Қазақстан-Қытай сауда-экономикалық және гуманитарлық ынтымақтастық өзінің оң серпініне ие», – деді қатысушылар.

Олжас ЖОЛДЫБАЙ.

НЕ БАЙҚАДЫҢЫЗ?

ТАЗА АУАҒА МЕН ДЕ, СІЗ ДЕ ЖАУАПТЫ

Біз Алматы іргесіндегі ауылда, жер үйде тұрамыз. Ал жұтып отырған ауамыз, ішіп отырған суымыз, көк аспан да ауыл, қала деп бөлінбесе керек, баршаға ортақ.



Нұржамал
ӘЛІШЕВА

СӘРСЕНБІ – СӘТТІ КҮН

Біздің ауылда әр үйден, әр шаңырақтан шығатын тұрмыстық қалдықтарды арнайы бөлінген көлік әр аптаның сәрсенбісінде алып кетеді. Кейде сәтті күніміз бейсенбіге де ауысып кетіп жатады. Бәлкім, межеленген күні жинап, тасып үлгермей қалатын шығар. Себебі, қоқыс көп, әсіресе, жаз мезгілінде көше бойы буылған, түйілген пакет, қапқа, кардон қағаздарға толып тұрады. Ондай кезде көше кезген, тіміскіленген иттердің құдайы береді, пакет, қаптардың аузын тістелеп, тартқылап жатып ашып тастап, жан-жаққа шашып кетеді. Жұлым-жұлымы шыққан памперстерді көргенде, тіпті қынжыласыз. Өзімізден де бар, кейде сол қоқыстарды жай үлбіреген әлсіз пакетке салып, ақырын қойып кетіп жатамыз. Сосын ит шашпағанда, қайтсін! Айналаны таза ұстау әрқайсысымыздың еншімізде. Тазалыққа бәріміз теңдей қарасақ, қоқыстың айналасында отырмас едік.

ШЫТТАЙ КИІНГЕН ЖІГІТ

Күнде таңертең жұмысқа шыққанда жасы зейнетке таяп қалған бір ер адам мен әйелді байқаймын. Бірі жолдың арғы, екіншісі бергі бетінде келе жатады, қолында қанар қап, сосын ұзын сым темір. Темірді қайтеді десеніз, жерде шашылып жатқан қағаз, пакеттерді немесе сусындардың босаған бөтелкелерін сол сым темірдің ұшымен іліп алып, қабына салып отырады. Әйтпесе, әр кезіккен қоқысқа үлкен адам еңкейе берсе, белінен бел қала ма?! Иә, олар қоғамдық қызметкерлер ғой, көшені тазалайды, еңбегіне қарай ақысы да төленеді. Бірақ осы бізде «ай сайын коммуналдық төлем төлеп отырмын ғой, жинайтын адам бар» деген төмен пиғылмен, тұтынған затымызды отырған, тұрған жерімізде тастап жүре беретін жаман әдет бар.

Міне, шыттай боп киінген бір жігіт келді аялдамаға. Асығыс секілді. Автобус келетін жаққа қарайлай берді. Ұйықтап қалған сияқты. Қолында жүре ішіп келген айраны бар. Айранының босаған қорабын



Суреттер галамтордан алынды

сол маңға тастай салды да, қалтасына бір рет пайдаланылатын салфеткасын шығарып, шалбарының балағын ысқылап сүрте бастады. Сосын сулығын да оп-оңай тастай салды. Екіншісін шығарып, енді аяқкімім жақсылап сүртіп алып, ол майлықты да әріге лақтырып жіберді. Сосын үшіншісімен тағы бір қайтара сүртіп шықты балағын, туфлиінің маңдайын. Ол сулық та аяғының астында қалды. Әдемі болып киініп алғанын қайтейін, санасы таза болмаса!

Ал жолдың арғы бетінде әке-шешесіндей әлгі екі үлкен кісі осындай тоғышарлар тастайтын қоқыстарды таңмен бірге таласа тұрып алып, шақырайған күннің астында жаяулатып жинап барады.

Иә, бізде үйімізде ұстанатын тазалықты жүрген жерінде де ұстану, біреудің еңбегін бағалау деген сынды ішкі мәдениет әлі де жетпейді. Бірақ «айналамыз қоқысқа толып кетті, уақытылы жинап, тиіп әкетпейді, бұл сұмдық қой!» деп байбалам салуға келгенде алдымызға жан салмаймыз. Неткен өкінішті!

БӘРІМІЗ ҮШІН ӨЗЕКТІ

Мен жұмысқа келу үшін күнде таңертең «Халық аренаға» таяу «Жетісу» базарынан отырамын автобуска. Сол маңдағы қалың да биік ағаштардың арасында тау болып үйіліп жатқан тұрмыстық қалдықтарды күнде көретінмін. Кеше жағымсыз иісі «әлемді» алып жатқасын, шыдамай кетіп ұялы телефоныма түсіріп алған болатынымын, әлеуметтік желіге салсам, бір нәтижесі болар деп. Ал бүгін түгелімен жинап әкетіпті. Оған да шүкір! Бірақ иістенгенше үйіп қоятынымыз тағы жаман. Бірақ

үйімізден таңертең қолымызға қыса шыққан қоқыс толы пакетті сол маңға көрсетпей ақырын тастап кете беретін де өзіміз ғой. Сондықтан бұл тұрғыда қоғамның көзқарасы түзелмесе, бірдене шығару мүмкін емес-ау!

Ал Алматы еліміздегі ең іргелі, халық ең көп шоғырланған мегаполис болғандықтан, сәйкесінше, күнделікті тұрмыстық қалдықтар да өте көп шығады. Қазақстан бойынша жылына 43 млрд тонна қоқыс қалдығы шығарылса, оның 28 млрд тоннасы Алматының еншісіндегі қоқыс қалдықтары екен. Міне, осыдан-ақ қаланың экологиялық жағдайы қандай екенін аңғаруға болады.

Бірақ қоқыс мәселесі біздің қалада ғана емес, еліміз бойынша әлі де өзекті күйінде қалып келеді. Себебі, республикада қоқыс полигондары жетіспейді. Бұл туралы өткенде депутаттық сауалға жауап берген ҚР Бас прокуроры Берік Асылыов та атап айтты. «Қалдықтарды сұрыптау және қайта өңдеу барлық өңір үшін өзекті мәселе болып калуда. Бас прокуратураның 2021 жылы жүргізілген жоспарлы тексеруі тиісті министрліктің жиналған, тасылған, кәдеге жаратылған және қайта өңделген қалдықтардың көлемі мен оларды сақтауға арналған полигондар мен алаңдар, жұмыс істейтін субъектілер туралы деректерді толық білмейтінін көрсетті. Осыған байланысты Үкіметке анықталған бұзушылықтар мен кемшіліктерді жою бойынша іс-шара

қабылдау ұсынымы енгізілді», – деген болатын Бас прокурор.

АЛТЫ ЗАУЫТ БОЙ КӨТЕРЕДІ

Ал ҚР Экология, геология және табиғи ресурстар министрлігі қоқыс өңдейтін заманауи зауыттар салынбай, мәселе шешілмейтінін айтып отыр. Сол үшін 2025 жылға дейін қоқыс өңдейтін 6 зауыт ашу жоспарланған. Яғни Нұр-Сұлтан, Алматы, Ақтөбе мен Шымкент қалаларында, сондай-ақ Қарағанды мен Шығыс Қазақстан облысынан тұрмыстық қалдықтарды өңдейтін зауыттар бой көтереді. Алты зауыттың құны 181 млрд теңгеге жуық. Құрылыс инвесторлардың қаржысына салынбақ. Тұрмыстық қалдықтарды өңдейтін бұл кешендер еуропалық стандартқа сай болуға тиіс. Оны мемлекеттік комиссия бақылауда ұстайтын болады.

АЙЫППҰЛ ТӨЛЕДІ

Бүгінгідей ақпараттық технология қарыштап дамыған заманда сол қоқыстардың қай жерде жатқанын анықтайтын тәсіл шыққан. Мәселен, жуырда қалалық Экология департаментінің өкілдері ғарыштық бақылау арқылы мегаполис аумағында бейберекет төгілген 10 қоқыс полигонын анықтаған. Рұқсат етілмеген қоқыс үйіндісіне қатысты экологтар Алатау, Түркісіб және Медеу аудандары әкімдіктеріне айыппұл салды. Бірақ айыппұлдарға да, ескертулерге де үйреніп кеткендейміз бе, қалай? Сол баяғы немқұрайдылық. Бұл кейбір жеке адамдарға да, түрлі мекеме, ұйым, құрылыс компанияларына қатысты да айтып отырған өкпеміз. Мәселен, мердігер ұйымдар бір күнде бір ғана нүктеден 5-6 тонна қоқыс шығарады екен.

Қаланы қоқыстан тазарту бір мәселе болса, қала сыртында тау-тау болып үйілген қоқысты залалсыздандыру тағы бір мәселе. Одан бөлінетін жағымсыз иістердің ауаны лаптап, адам денсаулығына зиян келтіретінін тарқатып айтып жатпасақ та түсінікті.

Өлгінде айтқанымыздай, есік алдында жатқан жай қоқыстың айналасында иттер жүреді. Иттер ауламызға оралады, балашағамыз еркелетіп ойнайды. Ал үлкен полигондар жұкпалы індет ошағына айналуы мүмкін. Тау болып үйілген қоқыстан қорегін тауып жеп жүрген ит пен құс, мысық пен тышқан, адам денсаулығына зиян келтіретін кәдік. Оған қоса, ашық аспан астында ұзақ жатып қалған қоқыстан топырақ та құнарсыздануы мүмкін ғой.

ҚОҚЫСТАН АРАЛ САЛЫП ЖАТЫР

Франция – қоқысты қайта кәдеге жаратудан, сұрыптаудан жетекші орында. Бұл мемлекетте қоқыс өртейтін кешенді заманауи зауыттар салынған. Қоқыстарды парализдісімен өте жоғары температурада күйдіреді, сонда улы заттар жану кезінде толық ыдырап, күл болады, есесіне атмосфераға зиянды газдар бөлінбейді. Франция қоқысты селекциялық жинау әдісімен қоқысты қайта өңдеу арқылы 30% алюминий, 50% әйнек, сонша газет қағазын өндіреді екен.

Қытай да қоқысты сұрыптау, қайта өңдеуді үлкен бизнеске айналдырған іргелі ел. Бейжің іспетті ірі қаласында қоқысты түрлі әдіспен сұрыптайды, заманауи технологиялармен бірге адам күші де қатар қолданылады. Қоқыс жинаушыларға төлемақы күнбе-күн төленгендіктен, жұмысшылар иісі мұңкіген қоқыстарды жинап, сұрыптаудан қашпайды. Бір Шанхайдың өзінде мыңдаған қоқыс қабылдау орындарында 2,5 миллионнан астам жұмысшы еңбек етеді екен.

Жапония елінде әр қалдықтың өзіне тиесілі түсті пакеттері болады. Мәселен, көк пакетте қағаз қалдықтары болса, жасыл түсті пакетте пластик жатады. Егер қоқыстар шатастырылып немесе аралас тасталса, сол үшін «шатасқан» тұрғын қомақты айыппұл төлейді. Жапондықтар өртелген қоқыс күлін арнайы құрылғылармен тығыздап, құрылыс заттарын өндіреді, ғимараттар тұрғызып, тіпті, бүтін бір жасанды аралдар салып жатыр.

P.S. Иә, адамзат барда еш уақытта таусылмайтын қор – қоқыс. Десек те, өзіміз ауасын жұтып, суын ішіп отырған ортаға жанашырлық танытып, сана биігінен қарар болсақ, өмірімізді өзіміз-ақ қиындатпай, жеңілдетуге мүмкіндік мол. Қоқыстың қоғамға зардабын тигізбеуіне үкімет қана емес, біздің әрқайсысымыз да жеке-жеке үлес қоса білейік, ағайын!



Суреттер галамтордан алынды



ФУТБОЛ

Үш ойын – үш жеңіс

Қазақстан Кубогы аясында «Қайрат» қатарынан үшінші ойында жеңіске жетті.

Алматылық «Қайрат» төрт күн ішінде «Орталық» алаңда екі ойын өткізді. Бейсенбі күні венгриялық «Кишвард» командасымен ойнаса, жексенбі күні «Ақсуға» қарсы бақ сынады.

Павлодардан келген «Ақсуға» қарсы кездесу «сары-қара» команда үшін Қазақстан Кубогы аясындағы топтық кезеңнің үшінші ойыны болды. Бұған дейін алматылық клуб «Ордабасыны» 2:0 және «Атырау» командасын 3:2 есептерімен жеңген.

Екі-үш күн бұрын ғана матч өткізген «Қайрат» айтылған кездесуді көптеген қосалқы және жас ойыншылармен бастады. Атап айтқанда, негізгі қақпашы Данил Устименконың орнына Вадим Ульянов шықты, негізгі құрамның тәжірибелі ойыншылары Жоао Пауло мен Хосе Кантени Еркебұлан Сейдахмет, Артур Шушеначев ауыстырды. Бастапқы құрамда барлығы алматылық клуб тәрбиелеген 9 ойыншы болды.

Алғашқы минутта алматылық жас ойыншылардың қобалжуы және команда ішіндегі өзара байланыстың жоқтығы байқалды. Ал олардың тәжірибелі құраммен шыққан павлодарлық қарсыластары керісінше ойын басында өте белсенді болды. Әсіресе, алғашқы 20 минутта барлық қауіп «Ақсу» тарапынан төнді. 7 нөмерлі шабуылдаушы Асыланбек Кәкімов 2 және 6 минутта «Қайрат» қорғаушыларын бірнеше мәрте алдап өтіп, соққы жасаумен болды. Бірінші

сәтте А.Кәкімов өз мүмкіндігін мүлтік жіберсе, екінші сәтте Вадим Ульянов қақпаны аман сақтап қалды. Сондай-ақ, «Ақсу» тарапынан нәтижесіз болса да, айтарлықтай қауіп төндірген екі бұрыштама добы берілді.

Алайда, матч басындағы арпалыстан кейін ойын ритміне кіре білген «сары-қара» команда ойыншылары 20 минуттан бастап өздері де шабуылдауға кірісті. 27 минутта Вячеслав Швыревтің әуелете көтерген добын Адам Адахаджиев қақпаға дәл бағыттап, «Қайрат» тарапынан алғашқы қауіпті сәт тудырды. Дегенмен, бұл допты қақпашы қайтара білді. Бірер минуттан соң Еркебұлан Сейдахмет «Ақсу» қорғаушыларын шебер алдап, оң қапталдан айналдыра соққы жасаған.

Алайда, жартылай қорғаушының добы тура болған жоқ. Бірнеше қайтара шабуыл «Қайрат» үшін сәтсіз аяқталса да, бұл соққылардың алматылық жас ойыншыларға сенім бергені сөзсіз. Кездесудің 30 минутынан бастап басымдылық толықтай алаң иелеріне өтті. «Ақсу» футболшылары алғашқы қарқынын жоғалтып алды.

Бірінші таймның ортасына қарай екі команда да алыстан соққы жасауға көшті. Сондай сәттердің бірінде Вячеслав Швырев допты тоғыздыққа дәлдеп, есеп ашты. Бұған дейін де бірнеше мәрте соққы жасаған «Қайрат» шабуылдаушысы 36 минутта көзге түсті. Соғылған гол жылдам жауап бергісі келген «Ақсудың» қарымта шабуылы Кәкімовтың әлсіз соққысымен аяқталып, доп қақпашы Ульяновтың қолына түсті. Бұдан кейін бірінші таймның аяғына дейін Данияр Үсенов пен Артур Шушеначев есепті еселейтін екі бірдей тамаша мүмкіндікті пайдалана алған жоқ. Командалар үзіліске 1:0 есебімен шықты.



Кездесудің екінші жартысы өткен таймға қарағанда өте нәтижелі өтті. 54 минутта алаң қонақтары айып добынан кейін есеп теңестірді. Гол авторы – 18 нөмерлі шабуылдаушы Арман Смаилов болды. Дегенмен, тең нәтиже ұзақ уақыт сақталған жоқ. 58 минутта оң қапталдан дәл соққы жасаған Артур Шушеначев алаң иелерін алдыға шығарды. Ал 76 минутта 11 метрлік айып добын орындаған Гүлжігіт Алыкулов есепті 3:1 жеткізді. Айта кеткен жөн, 11 метрлік айып добы «Ақсу» ойыншысының қолына доп тигендіктен ВАР жүйесі арқылы қойылды.

Ойын соңына дейін екі команда тарапынан тартыс тоқтаған жоқ. Әсіресе, қосалқы құрамнан қосылған ойыншылар кездесуге жаңа серпін берді. Осылайша ойынға екінші таймда қосылған Мирас Тұрлыбек 90 минутта гол соғып, есеп айырмасын қысқартты. Матчтың негізгі бөлігіне қосылған 6 минут

ішінде «Қайрат» ойыншысы Данияр Үсенов 4-ші гол соғып үлгерген. Алайда бас төреші ВАР жүйесін қолданған соң, бұл допты есепке алған жоқ. Нәтижесінде матч 3:2 есебімен алаң иелерінің пайдасына шешілді.

Үш ойында үш жеңіске жеткен алматылық «Қайрат» әзірге «А» тобында 9 ұпаймен көш бастап тұр. Жалпы ҚР Кубогының басқа ойындарынан шолу жасап өтейік. «Астана» мен «Арыс» (1:1) және «Жетісу» мен «Шахтер» (0:0) өзара тең ойнады. «Тобыл» өз алаңында «Мақтааралдан» 1:4 есебімен жеңілді. «Ақжайық» «Қызылжардан» 1:0 есебімен, ал «Қайсар» «Каспийден» 2:1 есебімен басым түсті.

Сондай-ақ, «Атырау» «Ордабасының» 4 голына 1 ғана доппен жауап бере алса, «Тараз» бен «Ақтөбе» (0:0) өзара мықты анықтай алмады.

СПОРТТЫҚ АТУ

Алматыда мергендер жарысады

Қазақстанда Халықаралық спорттық ату федерациясының ұйымдастырумен рейтингілік Гран-При мен стенд атудан Х Азия чемпионаты өтеді.



Биыл 28 шілде мен 8 тамыз аралығында Алматы облысында орналасқан Александр Асанов атындағы ату клубында ISSF рейтингілік Гран-При және стенд ату спортынан Х Азия чемпионаты басталады.

Жарыс Қазақстан мен өзге де елдерде спорттық атудың танымалдылығын арттыру, спортшылардың шеберлігін шыңдау, қатысушылардың рейтингін анықтау, жаттықтырушылар мен төрешілердің кәсіби біліктілігін тексеру мақсатында ұйымдастырылады. Александр Асанов атындағы ату клубына осы спорттың барлық элитасы жиналады. Нақты айтқанда, жарысқа әлемнің 20 елінен және Азия құрлығынан 300-ден астам үздік спортшылар қатысады.

Бұған дейін де Александр Асанов атындағы клуб ірі халықаралық жарыстарды қабылдаған. Оның ішінде, Одақтың жыл сайынғы ашық чемпионатын, 2009, 2013, 2015, 2019 жылдардағы Азия чемпионаттарын, 2014 жылға стенд ату бойынша Әлем Кубогының (ISSF) кезеңі, 2021 жылы жасөспірімдер арасында ISSF Әлем Кубогын өткізген.

Жарысты ұйымдастыруға Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігі, Қазақстан Республикасының Ұлттық Олимпиада комитеті, Алматы қаласы және Алматы облысы әкімдіктері, «Самұрық-Қазына» АҚ және «Sport Qorgu» қолдау көрсетті.

КҮРЕС



Жас палуандар белдесті

Алматыда жастар мен жасөспірімдер арасында өткен AIGA грэпплингтен Қазақстан чемпионаты аяқталды.

Жарысқа 16–19 жас аралығындағы балалар және 16-17 жастағы қыздар да қатысты. Дінмұхамед Қуанғалиев шешуші белдесуде Жетісу өңірінен келген Денис Натаровты жеңді.

AIGA грэпплинг – бұл жекпе-жектің басқа түрлеріне қарағанда салыстырмалы түрде беріде пайда болған күрес түрі. Бұл спортта барлық күрес түрлерінің техникалары жинақталған, алайда онда қылқындыру тәсілдеріне шектелу бар. Спорттың бұл түрі бразилиялық джиу-джитсудың, еркін күрестің, жауынгерлік самбо мен дзюдоның ең тиімді техникалары негізінде құрылған.

АУЫР АТЛЕТИКА

Жүлдесіз қалған күн жоқ!

Ташкентте жасөспірімдер мен жастар арасындағы ауыр атлетикадан Азия чемпионаты жалғасуда.

17 жасқа дейінгі қыздар арасында 64 келіге дейінгі санатта қазақстандық Надежда Ли күміс медальға ие болды. Отандасымыз қосайыс сомасы бойынша 184 (100+84) келі көтерді.

Егор Шерер 81 келіге дейінгі Азия чемпионатында үздік үштікке енді. Өзінің үздік тәсілдерінде

спортшы 150 және 175 килограмм көтеріп, жүлделі орынға жайғасты.

20 жасқа дейінгі жасөспірімдер арасында 89 келіге дейінгі Азия чемпионатында Клим Башаргин ел намысын қорғады. Қосайыс қорытындысы бойынша Клим 311(143+168) килограмм көтеріп, жетінші болды. Алайда, ол «серпіліс» жаттығуындағы нәтижесі арқылы қола медаль жеңе алды. 102 келіге дейінгі салмақта жасөспірімдер арасында Никита Абдрахмановқа тең келер ешкім болған жоқ. Спортшы екі жаттығуда да үздік болды. Никита жалпы есепте 354 келі (158+196) бастан асырды.

Сондай-ақ, Жолтай Санжар 102 келіден жоғары санатта 17 жасқа дейінгі жасөспірімдер арасындағы Азия чемпионатының қола медаліне ие болды. Қосайыста біздің спортшы 306 (136+170) келі көтерді.

Тағы бір қоланы 20 жасқа дейінгі жасөспірімдер арасында 81 келіге дейінгі салмақта Қыпшақбай Динара жеңіп алды. Ол 200 (89+111) килограмм нәтиже көрсетті.

**Бетгі әзірлеген
Досбол АТАЖАН.**

Балалар
жылы
2022Олимпиадаларда
үздік нәтиже
көрсетті

Балалар жылында еліміздің
үздік оқушылары 5 пәннен 21
медаль жеңіп алды. Ұлттық құрама
қоржынында 3 алтын, 13 күміс
және 5 қола медаль бар.

Ақтолықын
ҒАЛЫМҒАЗЫҚЫЗЫ

23 қатысушының 21-і ең беделді Халықаралық олимпиадаларда жүлделі орындарға ие болды.

Биыл тұңғыш рет Президенттің қолдауының арқасында оқушыларымыз 4,5 млн теңгеге дейін қомақты ақшалай сыйақы алып, ҰБТ тапсырмай-ақ ЖОО-ға грантка түсу мүмкіндігіне ие болады.

Математикадан халықаралық олимпиадада (IMO) Қазақстан құрамасы 3 күміс және 3 қола жүлдені жеңіп алды.

Үздік оқушылардан құралған команда 174 ұпай жинап, еліміздің олимпиадаға қатысу тарихындағы жаңа рекордын орнатты. Командалық есепте еліміз 17-орында, ал бұл 12 жылдағы үздік көрсеткіш екенін атап өткеніміз жөн болар.

Физикадан халықаралық олимпиадада оқушыларымыз 1 алтын, 4 күміс медаль иеленді. Бұл – соңғы 8 жылдағы ең жақсы көрсеткіш. Былтыр команданың қоржынына 5 күміс түскен болатын.

Географиядан халықаралық олимпиадада оқушыларымыз екінші жыл қатарынан алтын медаль жеңіп алды. Биыл да 1 қола медальға ие болды.

Биологиядан халықаралық олимпиаданың қатысушылары 3 күміс және 1 қола жүлде жеңіп алып, былтырғы нәтижелерін жақсартты. Былтыр 1 күміс және 2 қола медаль, сондай-ақ бір Құрмет грамотасын алған болатын.

Ал зияткерлік сайысқа қатысқан жас химиктеріміздің жұмысын өте жоғары бағалауға болады. Олар 1 алтын және 3 күміс жеңіп алды. Оның үстіне бұл 2017 жылдан бергі алғашқы алтын болды.

Осы ретте оқушылардың барлық бағытта оң өзгеріс көрсетіп жатқанын байқауға болады. Бұл дегеніміз, балаларымыздың дайындығы жоғары деңгейде екендігін көрсетеді.

БАЙҚАУ

ЖЕҢІС ТӨРІНЕН КӨРІНДІ

«Славян базары–2022» халықаралық байқауында 12 жасар Әлинұр Хамзин лауреат атанып, II дәрежелі дипломмен марапатталды. Байқаудың бірінші күні Әлинұр Хамзин Мұқағали Мақатаевтың сөзіне жазылған «Қазағым-ай» әнін орындады.

Қазылар алқасы жерлесіміздің өнеріне ең жоғары – 70 ұпай берді. Ал екінші күні ол Уильям «Смоки» Робинсонның «Who's Lovin' You» әнін шырқап, 68 ұпай еншіледі. Осылайша жас әнші жалпы 138 ұпай жинап, лауреат атанды. Байқаудың бас жүлдесін Беларусь өнерпазы Елисей Касич жеңіп алды.

Әлинұр Хамзин 2010 жылы Орал қаласында дүниеге келген. Бүгінде ол №27 мектеп-лицейінің 6-сыныбында оқиды. Өнерлі бүлдіршін кейінгі 5 жылда республикалық және халықаралық конкурстарға, тележобаларға қатысқан.



Атап айтқанда, Париждегі «Junior Eurovision» байқауында, Ташкенттегі «Роза востока» халықаралық конкурсында лайықты өнер көрсетті. Өнерпаз «Бала дауысы» тележобасының лауреаты, «Алтын микрофон» халықаралық

вокалдық конкурсының, «Boztorgai» Халықаралық балалар шығармашылығы конкурсының, «Baqytty bala» Халықаралық конкурсының дипломанты және Димаш Құдайбергennің «Dears» арнайы сыйлығының иегері атанған.

КӨРМЕ

РЕСЕЙДЕ ҚАЗАҚСТАНДЫҚ МҮСІНШІНІҢ
ЖЕКЕ КӨРМЕСІ АШЫЛДЫ

Санкт-Петербургтегі Эрарт мұражайында қазақ мүсіншісі Тамерлан Тілес қазақ халқының тұрмысын бейнелейтін туындыларын көрермендерге ұсынды.



Шебер өз еңбектерінде қазақ халқының дүниетанымын ұлттық тарих арқылы көрсетуге тырысады. Сондай жұмыстардың бірі – «Өмір» панносы. Онымен жұмыс істеу барысында суретші өте сирек материалдарды іздеп, үш құрлықты шарлаған. Жаңа материалдармен жұмыс істеуді хас шеберлерден меңгеріп те қайтқан.

Тамерлан Тілес ежелгі колөнер әдістерін өзінше жетілдіріп, заманауи технологиялармен шебер үйлестіре алатынымен ерекшеленеді. Экспозицияның өзі өнер тілімен жеткізілген хикая сынды. Қазақстандық мүсіншінің Санкт-Петербургтегі көрмесі қазанның 9-ына дейін жалғасады.

«Жергілікті тұрғындардың Қазақстан туралы білімі көп емес. Қазақстан – тарихы ежелден тамыр тартқан, мәдениеті бай, философиясы терең керемет ел. Тамерлан оны өз шығармашылығымен жақсы жеткізе білген. Шығармашылығы әрқилы әрі қолданатын материалдары да сан түрлі. Тасты да, мамонт мүйізін де, металл мен бағалы тастарды да шебер үйлестіре біледі. Осы жерде қазақ халқының дәстүрлі өмірінен сыр шертетін еңбектерді тамашалауға бола-

ды», – дейді Мемлекеттік шығыс музейінің ғылыми қызметкері Мария Филатова.

Композициядағы жер картасының да өзіндік мәні бар. Төменгі бөлігі күмістен жасалып, үстіне 65 млн жылдық тиранозаврдың иық сүйегі мен 4 млрд жылдық металлды метеорит қапталған. Ал ортасында Қазақстанның картасы орналастырылыпты. Онда да өзіндік ерекшелікті көруге болады. Бір қырынан қарасаңыз, карта қарауытып тұрады. Ал төбесінен көз салсаңыз, жарқырап жанады.

«Келген қонақтар қазақ мәдениеті туралы хабар алып, сұрақ қойып жатыр. Салт-дәстүрлеріміз, көкпар ойыны туралы білгісі келгендер көп болды. Қазақ халқының мәдениетін таныстыру – мен үшін құрмет. Өнер арқылы халықтарды жақындастыру, төл мәдениетімізді кеңге таныстыру үшін еңбек етіп келеміз», – дейді мүсінші Тамерлан Тілес.

Бүгінде мүсінші жаңа жоба бойынша жұмысты қолға алған. «Сағаттың төрттен бірі» деп аталатын композиция қазақтың көкпар ойынымен бейнеленеді. Қазір мүсінші аталған жоба бо-

йынша Петербургте аттың мүсіндерін құйдырып жатыр. Панно стилінде жасалып жатқан жұмыста 12 жылқының бейнесін қоладан құйылады.

«Мұндағы ой – көкпарды «өмір» деп алдық. Талас-тартыс. Бұрын адамдар Қағбаны айналса, қазір дүниені айналып кетті. 1200 тұяқтың ізі – уақыттың белгісі. Яғни айға шаққанда 100 жылды көрсетеді. Ал ортадағы көзге көрініп, қолға ұсталмайтын текенің бейнесі байлық пен мансап. Оны ешкім ұстай алмайды. Иллюзия. Жылқы адамның энергиясы, ал тұяқ іздері өмірде қалдырған ізін», – дейді ол.

Бұдан бөлек, Темірлан Самарқанд қаласы бойынша басталған ірі жобада жұмыс істеп жатыр. Онда Өзбекстан Республикасы Президентінің бастамасымен, әлемге әйгілі британдық мүсінші Юнус Сафардияр жасап жатқан жобаларда ассистент болып жүр. Диаметрі 6,5 метр, салмағы 14 тонна болатын кинетикалық күн жасауға көмектесуде. Жоба жүзеге асқанда, қоладан құйылған айналмалы күн Самарқанд жерінде тұратын болады.

Ақтолықын ТҰРЛЫҒАЗЫ.